



ЕЛДІК МҮДДЕНІ
ҚАЛАЙ
ОЙЛАСТЫРАМЫЗ?

3-бет



ОНДАЙ ЕРЛІК
ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС

6-бет



КАЗАХСТАН
И УЗБЕКИСТАН:
«Ось
стабильности»
в ЦА

10-бет

ҚАЗАҚ ҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№16-17(1197-1198) 27.04.2026

Қазыбек ИСА:

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ ТУҒАН ЖЕР ТӨСІНЕ ОРАЛДЫ



ҰЛТ ЖАЗУШЫСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ

Қабдеш Жұмаділов өзінің «Тағдыр» романы үшін 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты алған болатын. Бұл шығармасы қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпты терең толғаған тағдырлы туындылардың бірі ретінде жоғары бағаланған еді. Қабдеш аға: «Сұрақтарыңды дайындап кел!» – деді. Орталықта Опера театрының жанындағы орындықтардың біріне жайғасып отырып ұзақ әңгімелестік.

8-9 бет



Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды



13
бет

ТӘРЖІМА ТАҒЫЛЫМДАРЫ

7
бет

ХАЛЫҚТЫ ҚОЛДАП, САЛЫҚҚА ҚАРСЫ БОЛҒАН ЖАЛҒЫЗ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ

4
бет

«ЖАСЫЛ МЕКТЕПТЕР» – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Астанада өткен Өңірлік Экологиялық саммит ба-рысында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова «Жасыл мектептер» өңірлік платформасының стратегиялық маңызына тоқталды.

Министрдің айтуынша, педагогтерді даярлау және экологиялық білім беру қазіргі білім жүйесінің басым бағыттарының бірі болып отыр. Бүгінгі таңда 50 мыңнан астам мұғалім экологиялық және климаттық білім беру бойынша арнайы оқытудан өткен.

– Мектептер біртіндеп тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыратын орталықтарға айналып келеді. Бұл үрдіс арқылы балалар ғана емес,



олардың отбасылары мен қоғамда экологиялық құндылықтарға бет бұруда, – деді министр.

Оның айтуынша, климаттық сын-қатерлердің ауқымы кең, сондықтан су ресурстарының тапшылығы, топырақтың тозуы және климаттың өзгеруі сияқты

мәселелер бірлескен әрекетті талап етеді.

– Осыған байланысты UNICEF-пен бірге жүзеге асырылып отырған «Жасыл мектептер» платформасы Орталық Азия үшін маңызды ынтымақтастық тетігіне айналуы тиіс. Бұл жоба тәжірибе

алмасуға, оқу бағдарламаларын үйлестіруге және бірыңғай экологиялық білім беру кеңістігін қалыптастыруға жол ашады. Бүгінде өңір халқының 60 пайыздан астамын жастар құрайды, сондықтан олардың ролі ерекше, – деді Жұлдыз Сүлейменова.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев *Alem.ai battle* және *AI Governance Cup* байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөз сөйлеп, елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың маңызына кеңінен тоқталды.

Мемлекет басшысы Қазақстанда қабылданған жаңа Конституцияның тарихи әрі тағдырлы қадам болғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл өзгеріс елдің келешегін айқындайтын маңызды белеске айналды.

– Азаматтарымыз, әсіресе жастарымыз республикалық референдумға белсене қатысып, Ата заңды қолдап дауыс берді. Тұғырына қонған жаңа Конституцияда халқымыздың бірегей болмысы, басты құндылықтары мен биік мақсаттары көрініс тапты. Бүгінгі жиынға қатысып отырған жастар – еліміздің жарқын болашағы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы озық ойлы, білімді жастардың Қазақстанды жаңа белестерге жетелейтініне сенім білдірді.

– Халық Конституциясы – өскелең ұрпаққа жол көрсететін темірқазық. Жаңа Ата заңымыз – Әділетті Қазақстанның мызғымас тұғыры. Заң мен тәртіп қағидаты мемлекетіміздің өзегіне айналып келеді. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы халқымыздың туған жерге деген жауапкершілігін арттырды. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық деңгейде айқындалған, – деді Мемлекет басшысы.

ШЕТЕЛДІКТЕР ҮШІН ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛУДЕ

Қазақстанда шетелдік азаматтардың ел аумағында тұрақты тұруына рұқсат беру тәртібі жанартылып, заманауи цифрлық тәсілдер мен ашықтық қағидаттарына негізделген жаңа жүйе енгізіліп жатыр.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, ішкі еңбек нарығын қорғау және оны теңгерімді дамыту мақсатында жыл сайын жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы белгіленіп, бөлініп отырады.

2026 жылға арналған болжам бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы 23,6 мың адамды құрайды. Сонымен қатар еңбек иммигранттарын тарту квотасы 221,8 мың адам деңгейінде айқындалған.

Министрлік өкілдерінің хабарлауынша, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге және Қазақстанмен өз болашағын байланыстыруды көздейтін шетел азаматтарын қабылдау сапасын арттыруға бағытталған көші-қон саясаты кезең-кезеңімен жетілдірілуде.

Осы бағыттағы маңызды жаңашылдықтардың бірі – тұрақты тұруға рұқсат алу тетігінің жанартылуы. Бұл жүйе толықтай цифрлық форматқа көшіріліп, ашық әрі әділ іріктеу қағидаттарына негізделмек.

Жаңа тәртіп үміткерлерді бірнеше кезең бойынша кешенді бағалауды көздейді. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді



базалық деңгейде меңгеруін тексеру, сауалнамалық деректерді талдау, цифрлық скоринг жүйесі арқылы бағалау, уәкілетті мемлекеттік органдардың тексерістері және қорытынды сұхбат өткізу қарастырылған.

Бұл тәсіл Қазақстанды ұзақ мерзімге тұрақты мекен ретінде таңдап, қоғам өміріне белсенді араласуға ниетті азаматтарды

іріктеуге бағытталған.

Мамандардың пікірінше, аталған жүйенің енгізілуі көші-қон үдерістерінің тиімділігін арттырып қана қоймай, тұрақты тұруға ниетті тұлғаларды неғұрлым дәл әрі теңгерімді қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл қадам әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және еңбек нарығын жүйелі реттеуге оң әсер етпек.



ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ: ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада ҚР Оқу-ағарту министрлігінде Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Шара барысында кітапхана саласының дамуына зор үлес қосқан мамандардың еңбегі ерекше атап өтілді. Білім беру мен оқырман мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар қызметкерлер марапатқа ие болды.

Министрлік бұйрығына сәйкес екі қызметкер «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталса, 28 маман Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Алғысына ие болды.

Іс-шара аясында жас оқырмандар мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, қазақ әдебиеті мен өнерінің үздік туындылары орындалды.

Еске сала кетсек, бүгінде елімізде 12 мыңға жуық кітапхана халыққа қызмет көрсетіп, рухани құндылықтарды насихаттап келеді.

БЕС ЖҮЗДЕН АСА КӨЛІК АЙЫП ТҰРАҒЫНА ҚОЙЫЛДЫ

Шымкент қаласында жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы қарқынды түрде жүргізілуде.

Қоғамдық тәртіпті күшейту және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында еліміздің өзге өңірлерінен қосымша патрульдік полиция күштері де тартылған.

Полиция департаментінің мәліметінше, рейдтік іс-шараның алғашқы жеті күнінде 7730-дан астам құқық бұзушылық дерегі тіркелген.



Анықталған заңбұзушылықтардың қатарында мас күйінде

көлік жүргізу, жол-көлік оқиғасына әкелетін қауіпті маневрлер жасау,

қарсы жолаққа шығу, мемлекеттік нөмірсіз көлік басқару, жалған нөмір пайдалану, сондай-ақ жүргізуші куәлігінен айырылған тұлғалардың көлік тізгіндеуі сияқты өрескел жағдайлар бар.

– Рейд барысында 565 автокөлік арнайы айып тұрағына қойылды. Бұл шаралар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ықтимал қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында жүргізілуде, – делінген ресми хабарламада.

Сондай-ақ полиция өкілдері әлеуметтік желілерде тараған кейбір ақпараттарға қатысты түсінік берді.

Рейд барысында тек алғашқы медициналық қобдиша сияқты қосымша жабдықтарды тексеруге басымдық беріледі деген мәліметтің шындыққа сәйкес келмейтінін атап өтті.

Ведомствоның мәлімдеуінше, мұндай жабдықтардың болуы – ең алдымен жүргізушінің өз қауіпсіздігі үшін қажет.

– Басты мақсат – жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін сақтау, – деді полиция өкілдері.

Ата бабаларының рухани байлығы мен халқының жер бетінен жоғалып кетпеуін ойлаған әр қазақ, бір нәрсені ұғуымыз қажет. Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінде рухани азғындыққа ұшырамай ұлттық ерекшелігі негізінде мемлекет құруды мақсат тұтқан халықтың, әлемдегі өз ықпалын жүргізіп отырған осы кезеңге тән өркениеттің ерекшелігімен санаспауы мүмкін емес екеніне байланысты ғылыми негізде өз жолын табу.

Сондықтан біз ұлтымыздың келешегі үшін жасайтын әрекетіміз сезімге (эмоцияға) емес, терең білімге сүйенген парасаттылыққа негізделген қадамдар болуы тиіс.

Өкініштісі, ұлт жанашырымыз деп жанын салып жүрген азаматтардың өздері көбінесе албырттыққа салынып, мезеттен туған кейбір ұлттық намысқа тиетін мәселелердің төңірегінде айғай көтеруден аса алмай жүр. Негізінде, осы жайлардың шығу төркініне үніліп, себептерінің қайталанбауына бағытталған парасатты істерге күш жұмсау дұрыс болар еді.

Тағы бір қателік, ол осы ұлт жанашырларының «қуыршаққа» айналып, Қазақ мәселесі ешқашанда бағыт ұстанымы болмаған кейбір саяси топтардың, оларды өздеріне бедел жинау жолында пайдаланумен қарапайым халықты адастырып жүргенін ұқпауы.

Ұлт мәселесі барша қазаққа ортақ және ең қасиетті өте нәзік ұғым. Ұлт мүддесін қорғау – бай болсын, кедей болсын, билікте, не болмаса оппозицияда жүрсін, ол намысы бар әр қазақтың азаматтық борышы. Сондықтан кейбір ұлт мәселесімен айналысып жүргендердің «ұлтшылдар – бізбіз, ал басқалар не істеді?» деп тәкаппарлықпен кеуде қағуы, сыпайырақ айтқанда, қисынға келмейді.

Әр азамат өз деңгейі мен мүмкіншілігін пайдаланып өзі жүрген ортада ұлтының намысын қорғау арына сын екенін түсінуі қажет. Ұлт мәселесін биліктің, оппозицияның партиялары саяси ойыншыққа айналдыруына жол бермеуі керек.

Бір шындықты тағы қайталап айтайық. Бірде-бір партия барша халықтың атынан сөйлей алмайды. Олай ету – қателік. Неге десеңіз олар азғана топтың (билік партиясы – биліктің, оппозиция өз бағытының) мүддесін қорғайды. Олар халықтың бөлшегі ғана, бірақ ұлттық мәселені өз көзқарастарына қарай саяси құжаттары мен іс-шаралары арқылы іске асыруы мүмкін.

Халық арасында, ұлттық партия құрылып өз бағдарламасын бекіте алса ғана саяси партия ретінде ұлттық мүддені қорғауға құқылы деген ұғым қалыптасып келеді.

Бірақ еліміздегі заңнамалар ұлттық партия құруға жол бермейді. Бұл – өте дұрыс бағыт. Және бұл жерде есте сақтайтын мәселе – ұлттық партия арқылы ел билеуге ұмтылудың астарында жатқан үлкен қауіп бар. Ондай жағдайда, адам баласына тән пендешіліктің салдарынан ұлттық эгоизм дамып, соның кесірінен қоғамдық сана неофашизм ұтына ұшырау қауіпі туады. Осы шындықты, мы-



салы, Израиль елінің мемлекеттік саяси ұстанымы әлемге көрсетіп отыр.

Биліктің қазақ халқының мүддесін қорғау мәселесінде өзінің ұстанымын нақтыламағандықтан, көптеген қоғамды алаңдататын жағдайларға әкеліп отырғаны белгілі. Мәселен, қоғамда айғай-шу тудырған «доктрина» жайы және соған байланысты мемлекет деңгейінде құрылған комиссия арқылы ұлт мәселесі туралы келіссөз жүргізуді демократиялық қоғамға тән үрдіс деп тану қателік еді. Демократиялық қоғамда әлеуметтік және саяси ділгірлік бойынша кейбір топ өкілдерінің билікпен келіссөз жүргізуі заңдылық, өйткені бұл топтардың өздерінің бағытына сәйкес мүдделері бар.

Ал, ұлттық мемлекет құрамыз деп тәуелсіздік декларациясын жариялаған ел азаматтарының, билікпен ұлт мүддесін қорғау үшін келіссөз жүргізуі саяси сауатсыздық қан емес, дәрменсіздік деп білеміз. Бұл бұрынды-сонды жер бетінде болған да, естімеген де жағдай.

Қазақ халқы сонда өз еліне, жеріне өгей болғаны ма? Әлде, қазақ елінің билігінде басқа елдің азаматы отыр ма? Не болмаса біздің елдің билігі жеке біреудің меншіктігінде болып, Ата заңда жазылған мемлекеттің иесі халық деген сөз көз бояушылық па?..

Осындай мәселенің туындауының басты себебі, жоғарыдағылардың ұлттық мемлекет (әлемдік тәжірибеге сай) құрудағы негізгі ұстанымын әлі күнге дейін бекіте алмай, тек «демократия» деген желеумен батыс саясаты-на бейімделуі мен еліктеуінде деп түсінеміз.

Сонымен қатар, ұлт мәселесін көтеріп, көзге көрініп жүрген зиялы азаматтардың да ұсақтанып, қазақ халқының этностық шеңберінен асып, саяси ұлт деңгейіне көтерілуіне жол көрсететін біктен табыла алмай жүр-гені өкінішті.

Ал халық пікірімен санаспау еліміздің Тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін. Айталық, саяси, не экономикалық теңдікті сақтамайтын кедендік одаққа қалай кірдік? Мұның алаңдатушылық туғызатыны – адамзат тарихында отарлықтан құтылған ел аяғынан тік тұрмай жатып, отаршылықтың зардабын жо-



Ойластырамыз?

ятын заң қабылдамай отырып, қайтадан метрополимен өз егемендігін шектейтін одақ құрмаған ғой. Себеп белгілі. Бұл мәселеге тереңірек үнілсек, басты кілтипан мемлекет құру негізінде ұлттық саясат ұстанымының жоқтығы деп ойлаймыз.

Ұлттық идея – қандайда бір халықтың өзіне тән ерекше құндылықтарын сақтай отырып, барша адамзаттың жол жеткізген, прогресс әкелетін құндылықтарын пайдаланып, ұлттық мемлекет құруына жол ашатын бағыт деп айтып та, жазып та жүрміз. Алайда осыған құлақ асатын ел серкелері байқалмайды.

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындай мен емес бір күнгісім. Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін».

Ахмет Байтұрсынұлы

Қазақ елінің әлемдегі ұлттық мемлекеттер қатарына қосылып, қазақ халқының саяси ұлт деңгейіне көтерілуі – еліміздің қауіпсіздігінің, экономикасының, ішкі және сыртқы саясатының, ғылымының, заң жүйесін құруының, экологиялық қауіпсіздігінің, білім беру мен ұрпақ тәрбиелеу жүйесінің, мәдениетінің, ақпарат тарату, қоғамдық сана қалыптастыру мен рухани даму идеологиясы екенін, осы саяси ұстаным негізінде даму қажеттілігін пайымдауға қашанға дейін созылмақшы?

Өкініштісі, кейбір ұлт мүддесін қорғап жүрген азаматтардың ұлттық құндылықтар мен ұлттық идеяның айырмашылығын түсінбеуі салдарынан бірлігімізге селкеу түсетіні де қатты алаңдатады.

Қазіргі жаһандану заманында тек бір халыққа тән құндылықтармен мемлекет құру мүмкін емес, өйткені қандайда болсын бір халықтың құндылықтар шеңберінде қалуы – халықтың келешегіне шектеу қою болады. Сондықтан қазақ ұлтының

мәселесін терең ойласақ, мезеттік сезім (эмоция) жетегіне ілеспей, бос айғайға салмай, халқымыздың құндылықтарын парасаттылықпен екішеп, жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуіміз келешек үшін өте қажет. Өйткені ұлттық мүддені түсіну бірлігі болмай қазақ халқының бірлігі де, келешегі де болмайды. Бірлігі жоқ елдің байлығы да, бас билігі де ұстаған банның қолында, тістегеннің қолында кететіні белгілі.

Неге десек, бар кінә өзімізде екенін әлі де ұқпай жүрген халықпыз па деген күдік билейді. Бар пәле, біз халқымыздың бабалардан қалған рухани байлығын жадымызға сіңірмей, тек тілімізде ғана сақтауымызда болып отырғанын мойындағымыз келмейді-ау. Мәселен, қазақтың қаймағымыз деп кеуде керетін кейбір «зиялылылар», дәулеттілер, өнер саласындағылар отбасында өз жұртының рухани құндылығы мен тілінен безген балаларының өсіп жатқанына кім кінәлі?

Өзін нағыз қазақтың деп желке күдірейтетін азаматтардың, ең алдымен, аталы сөзге тоқтап, тәкаппарлық пен іштарлықты шектеп, атакқұмарлық, дүниеқоңыздық пен шенқұмарлықты тыйып, қанағатқа жүгінуі қажет деп білеміз.

Ащы да болса және бір шындықты айтсақ, Ар, Намыс, Ұят сақтаудағы өз кемшіліктерімізді мойындағымыз келмейтінінен, ұрпақ тәрбиесіне үлкен нұқсан келтіріп жүргенімізді қашан ұғынар екенбіз? Сөйте тұра, өзімізді маңайдағылардан жоғары ұстап, әр қадам сайын биліктен мадақ, марапат күту әдетімізді қай ақылға сыйғызамыз?..

Осы кереғарлық салдарынан, қазақ серкелерінің бірінің пікірімен бірі санаспай, ел мүддесі жолында өздерінің «намысын» тежей тұра өзіншілдігі бой бермей, өз еңбегін өзі бағалаудан аспай жүргендері бас біріктіруге зиян тигізуде.

Тағы бір кемшілік, көш басындағы бауырларымыздың командамен жұмыс істей алмай, кемшілігін айтқандарды жауға балап, қасына ергендердің намысын өз намысым деп ұқпаудың салдарынан маңайындағы сенімді серіктерінен айрылып, тек өзін мадақтап тындайтын өзінен ой-

өрісі төмен, дарынсыздардың қоршауында қалып жүргендері үшін кім айыпты?..

Біз, батыстық (еуроцентризм) бағытта білім, тәрбие алғандықтан ұлтымыздың дана құндылықтарын игеруде кемістігіміз көп екені аян. Сондықтан ел бірлігін ойласақ, алдымен өз кемшілігімізді өзіміз тежеп, өзіншілдіктен кеудемізді тазартуға ұмтылайық. Қазақтың мәртебесін көтеру үшін, үнем қазақты мадақтау емес, тек қана бабалар даналығын берік ұстап парасаттылықпен, білімімізбен, жігерімізбен, аз сөйлеп, нақты ісімізбен басқа халықтарды қазақты құрметтейтін жағдайға әкелуіміз керек. Біз үшін ғасырлар бойы қалыптасқан жатжұрттық мінез-құлықтан арылып, келешек ұрпаққа ұлағатты өнеге тастайтындай деңгейге жету ең қажетті іс екенін ұғуымыз қажет. Келешек – жастардікі. Біз жастарға, жаңа қоғамдық сана меңгеруге жол салайық.

Ұлттық мүддені қорғау жолындағы тағы бір олқылығымыз – қазақтың шешімін таппай жатқан мәселесі мен кейде ұлтаралық қарым-қатынастарда туындайтын қолайсыз жағдайларға байланысты пікірімізді білдіргенде басқа халықты кінәлау үрдіс алғандай. Бұл – үлкен қателік, ол қазақ халқының беделіне көлеңке түсіреді және халықтардың арасына сына қағады. Осы надандық қылықтан арылуымыз қажет. Бізді бодандыққа Ресей патшалығының империялық саясаты мен тоталитарлық жүйенің бір орталықтан басқару – шовинистік бағыты қамаған, орыс халқы өздерін басқарған саясаткерлері үшін кінәлі емес. Әр халықта жақсылар да, жамандар да бар. Одан біздің халық та құтыла алмайды. Өз халқымыздың арын қалай ойласақ, басқа жұрт өкілдерінің намысымен де жіті санасайық. Солай ойлап үйренсек, қазақ ұтады. Және, осы ұғымды басқа жұрт өкілдеріне түсіндіре білуіміз қажет.

Мысалы, біз өз мемлекетімізде тұрып жатырмыз, ал елімізде басқа жұрт өкілдеріне билік тарапынан қандайда бір қысымшылық жасалып жатса, оған кінәлі қазақ халқы емес, тек биліктегілер кінәлі деп айтпас па едік. Қоғамдағы ұлтаралық қатынаста абай болсақ.

Әр кезде еске сақтайтын қағида, жаһандану кезеңінде аз ғана қазақ халқы келешегін өзі қорғай алмайды, сондықтан барша әлемдегі және еліміздегі тегіміз бір бауырлас түрік халықтарының ынтымағын арттырып, туысқандық бірлігімізбен бірлімізді-біріміз қорғау – бәріміздің қасиетті борышымыз. Тек сонда ғана мәңгілік ел болып жасай аламыз.

Болат ДҮЙСЕМБІ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Алматы

ҚАЗЫБЕК ИСА:

ХАЛЫҚТЫ ҚОЛДАП, САЛЫҚҚА ҚАРСЫ БОЛҒАН
ЖАЛҒЫЗ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ

Парламентте айыппұлға қарсы шығып, қарсы дауыс берген де тек «Ақ жол» партиясы фракциясы депутаттары.

Қандай мемлекет болса да, Салық Кодексінің халық үшін, ел экономикасының дамуы үшін маңызы өте зор.

Мемлекеттің дәулетінің артуы да, керісінше кері кетуі де ең алдымен орнымен сауатты қолданылатын Салық заңына байланысты. Ал Салық мөлшері белгілі межеден – салық төлеуші халықтың мүмкіндік шегінен асып кетіп жатса, онда елдің жағдайы қиындайды. Ең алдымен шағын кәсіпкерлік, жеке кәсіпкерлік тоқтайды. Бұл жүздеген мың жұмыс орнының жойылуы деген сөз. Осыған орай мемлекеттің де дәулеті азайып, экономикасы кері кете бастайды. Экономика көрсеткішінің айқын анықтамасы – Алматы қаласында т.б. өңірлерде сауда нүктелері жаппай жабылып жатыр. Бұл қауіпті дабыл!

Бытыр 2025 жылы 9 сәуірде Парламентте халыққа ауыр тиген жаңа Салық Кодексі қабылданды! Осы Салық кодексі жобасының бірінші оқылымында 7 депутат қана қарсы болды. Ал екінші дауыс беруде 8 депутат қарсы болды. Бұлар – «Ақ жол» фракциясының депутаттары.

Бірақ, кейбір депутаттар «халық не айтсақ та, сене береді, өйткені, дауыс беру стенограммасы ешкімге



берілмейді» деп ойлайтын болуы керек. Сондықтан да «Біз де салық кодекстің қарсы шықтық» деп, әлеуметтік желілерінде желдей есіп, елді алдап жүр.

ҚР Парламенті Мәжілісінің заңдарды қабылдайтын жалпы отырысы әр сәрсенбі күні тікелей эфирде беріледі. Парламент сайты мен әлеуметтік желілерде видеосы тұрған 2025 жылы 9 сәуірде қабылданған жаңа Салық Кодексіне дауыс беру нәтижесі мынандай:

Қатысқандар – 93 депутат.
Жақтағандар – 7
Қарсылар – 7,
екінші дауыс беруде – 8.
Қалыс қалған – 9
Дауыс бермеген – 1

Қарсы болғандар – тек «Ақ жол» фракциясының депутаттары Иә, Салық кодексіне қарсы дауыс берген Самат Мәжілісті қосқандағы Парламенттегі 148 депутаттың 8-і ғана.

Олар: «Ақ жол» фракциясының депутаттары және депутаттар Самат Мұсабаев, Абзал Құспан және Әділ Жұманов (өздерінің мәлімдеулері бойынша).

Болды! Парламенттегі «Ақ жолдан» басқа қалған 5 фракция мүшелері мен бірмандатты депутаттар, барлығы 76 депутат жаңа Салық Кодексіні қолдап дауыс берді.

Ақиқат – осы!

Айтпақшы, парламентте айыппұлдың қатарын да, мөлшерін де көбейтуге қарсы шығып, қарсы дауыс берген

де тек «Ақ жол» партиясы фракциясы депутаттары. Енді сайлау жақындап, салық төлеушілермен кездесер кезеңді ойлаған кейбір партияның депутаттары: «Біз де қарсы болдық» деп, әлеуметтік желіде халықты алдап жүргендерін көргенде, «бұлай сөзі басқа, ісі басқа болудың оқуын қай жерде оқыған» деп таңғаласын.))

Иә, шынында да, Парламентте 2004 жылдан бері дауыс берудің стенограммасы құпия, ешкімге берілмейді. Оған мына мен кінәлімін... Осыдан 22 жыл бұрын, 2004 жылы 20 ақпанда Қазақ Парламенті қазақ тіліне қарсы шығып, маскара болды! «Қазақ үні» газетінің (ол кезде «Жас Қазақ үні») 2004 жылғы 27 ақпандағы №8 санындағы «Мемлекеттік

тілге қарсы шыққан парламент таратылуы тиіс» атты мақаламда Парламенттің 70 пайызы мемлекеттік тілге қарсы шыққан стенограмманы – қазақ тіліне қарсы шыққан депутаттардың тізімін жариялап жібергенім елді дүр сілкіндіріп, қоғамда сен бұзған сенсацияға айналды. Содан бері дауыс берудің стенограммасы құпия, ешкімге берілмейтін болып шешім шықты... Бұл оқиға туралы алда арнайы жазатын боламыз.

«АҚ ЖОЛДЫҢ» ШАҒЫН
БИЗНЕСКЕ САЛЫҚТЫ
ЖЕҢІЛДЕТУ ТАЛАБЫ ДА
ІСКЕ АША

«Ақ жол» партиясы әділ салық салу мәселесін көтеріп, шағын бизнеске салық жеңілдігін жасауды талап етіп, 2023 жылдың сәуір, маусым, қараша айларында қатарынан үш рет депутаттық сауалдар жариялады.

Ол кезде ешқандай партия, тіпті кәсіпкерлер құқын қорғайды деген «Атамекен» ұлттық палатасы да үн шығармай отырды. Тек «Ақ жолдың» еңбегі оң нәтиже бере бастағанды ғана Көздер оянып кеткен партиялар «Біз де қолдағанбыз» деп ауыз аша бастады.

Бұлардың бұл күлкілі тірліктеріне қарамастан, қазақтың өткір сатиралық тәмсілі еске түседі. Қыран бүркіт қиядан құйылып келіп, түлкі алғанда жарта-стың жанында тығылып, бақылап отырған қарға жетіп келіп, жалп етіп қона қалып, бүркітке: «Сіз боп, біз боп, әйтеуір алдық па түлкіні» деген екен.))

Кейбіреулердің тірлігі қара қарғадан да асып кетті «Ақ жолдың» бар еңбегін пайдаланып!!!

Ел бірақ кімнің кім екенін, кімнің еңбегі қандай екенін жақсы біледі!

Сөз бен істің бірлігін көрсетіп, халықтың мүддесін қорғап келе жатқан депутаттарға әрқашан Ақ жол тілейміз!

Қазыбек ИСА, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ А. Ш. ӘЛНАЗАРОВАҒА

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП ТӘРТІБІН ҚАЙТА
ҚАРАҒАН ЖӨН

Қолданыстағы қоғамдық тамақтану объектілеріне жаңа санитарлық талаптарды қолдану тәртібін қайта қарау қажеттілігі туралы депутаттық сауалды «Ақ жол» фракциясының мүшесі О.Нұралдинов жеткізді.

қомақты шығын шығаруға, не нарықтан кетуге мәжбүр болады. Саланың өз бағалауынша, қазіргі нысандардың 70–80 пайызына қатер төнуі мүмкін.

Мұнда ірі желілер емес, халықты жұмыспен қамтып, салық базасын қалыптастырып, қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етіп отырған шағын және орта бизнес – кафе, асханалар, отбасылық мекемелер туралы сөз болып отыр.

Қоғамдық тамақтану орындарының басым бөлігі жалға алынған ғимараттарда жұмыс істейді. Олар ғимарат иелері болмағасын, сондықтан күрделі қайта жоспарлау, инженерлік желілерді көшіру немесе үй-жай конфигурациясын өзгерту мүмкіндігіне ие емес.

Сондай-ақ отырғызу орындарына қатысты талаптар мәселесі де сұрақтар туғызады. Инженерлік өзгерістерге қарағанда, мұнда мәселе техникалық мүмкіндіктер емес, экономикалық

салдарға тіреледі. Орын санының қысқаруы тікелей табыстың азаюына әсер етеді, ал жалдау ақысы, жалақы, коммуналдық төлемдер секілді негізгі шығындар өзгеріссіз қалады.

Оған қоса бұл талаптардың негіздемесі көбіне халықаралық стандарттарға жақындау ретінде түсіндіріледі. Алайда шынайы халықаралық тәжірибе мүлдем керісінше.

Мысалы, Еуропаның Париж, Рим, Барселона, Прага, Вена секілді барлық ірі мегаполистерінде қоғамдық тамақтану орындары тығыз салынған аудандарда, тарихи ғимараттарда, шатырларда, яғни «мінсіз» талаптарға физикалық тұрғыдан сай келуі мүмкін емес нысандарда жұмыс істейді.

Соған қарамастан жүйе тиімді жұмыс істейді. Себебі реттеу әрбір ұсақ-түйек талапты формалды сақтауға емес, орынды жеткіліктілік пен тәуекелдерді бағалау қаралатын негізделген.

Бұл тәсіл Еуропалық Одақтың №852/2004 Регламентінде бекітілген. Онда басты назар нысандарға қатысты талаптарды унификациялауға емес, өнім қауіпсіздігі мен бақылау рәсімдеріне аударылған. Бұдан бөлек, еуропалық тәжірибеде жаңа нысандарға — заманауи стандарттар, ал қолданыстағы нысандарға олардың нақты жағдайын ескере отырып талап қою қағидаты нақты ажыратылған. Бұл бизнесті күйретпей-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкер өзі көрсететін қызмет сапасы мен қауіпсіздігіне бәрінен бұрын мүдделі екенін еске салғымыз келеді. Себебі санитарлық талаптардың бұзылуы клиенттерден, беделден және табыстан айырылуға алып келеді. Ал қызметтің ең тиімді бақылаушысы — оның тұтынушысы.

Иә, мемлекеттік бақылау қажет. Бірақ ол шамалас, орынды және орындалуы мүмкін бо-

луы тиіс. Биылғы жылдың 10 ақпанында Үкімет отырысында Президент Тоқаев бизнес үшін қосымша кедергілер жасайтын нақты жағдайды ескермейтін формалды тәсіл мен «қағаз жүзіндегі реформалардың» жол берілмейтінін ерекше атап өтті.

Алайда іс жүзінде кері жағдай қалыптасып отыр: тәжібат бар, бірақ оны іске асыру тәтігі жоқ. Сондықтан бизнес бүгінде тексерулер, нұсқамалар мен айыппұлдар қауіп жөнінде дабыл қағуда.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясы сұрайды:

- 1) Қолданыстағы қоғамдық тамақтану нысандарына жаңа санитарлық талаптарды қолдану тәртібін қайта қарау;
- 2) Нысандардың нақты жағдайын ескере отырып, міндетті түрде сәйкестендірілуі тиіс талаптардың нақты тізбесін белгілеу;
- 3) Икемді құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету, нормаларды өз қалауынша түсінуге, сондай-ақ жемқорлық тәуекелдерін туындататын жағдайларға жол бермеу.

**Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары
О.Нұралдинов,
А.Перуашев,
Д.Еспаева,
Е.Барлыбаев,
Қ.Иса,
С.Ерубаев.**



БІРІНШІ ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР Р.СКЛЯРҒА

МАШИНА ЖАСАУ ЖОСПАРЫН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Машина жасауды дамытудың Кешенді жоспарын күшейту қажет. Бұл туралы мәселені ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев көтерді.



Машина жасау Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі негізгі салалардың бірі болып, оның көлемінің шамамен 20%-ын қалыптастырып, шикізаттық модельден неғұрлым күрделі, технологиялық өнімдер өндірісіне көшуін қамтамасыз етеді. Салада 4 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеп, экономиканың даму деңгейін айқындауда маңызды рөл атқарады.

2023 жылы Үкімет 2024—2028 жылдарға арналған машина жасау саласын дамытудың Кешенді жоспарын бекітті. Бұл жоспар өндіріс көлемін 2 еседен астам арттыруға, экспортты 2,9 есеге ұлғайтуға, еңбек өнімділігін шамамен 2 есеге арттыруға және басқа да көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған.

Кешенді жоспардың бірқатар бағыттары бойынша қазірдің өзінде белгілі бір қадамдар жүзеге асырылды.

Саланы шикізатпен қамтамасыз ету бөлігінде шикізат өндірушілер мен өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары арасында міндетті келісімдер жасасуды көздейтін заңнамалық шаралар қабылданды.

Жаңа Салық кодексіне қабдықтарды импорттау кезінде

ҚКС-ты есепке алу әдісімен төлеу тетігі, сондай-ақ Қазақстанда өндірілмейтін материалдар мен қосалқы бөлшектерді импорттауға ҚКС бойынша кейінге шегеру қарастырылған.

Кадрларды даярлау жөніндегі Жол картасы іске асырылуда, ҒЗТҚЖ-ға салықтық шегерімдер енгізілді және т.б.

Осылайша, институционалдық ілгерілеу байқалып, экономиканың өнеркәсіптік негізін дамыту үшін қажетті жағдайлар қалыптасуда.

Сонымен қатар, Кешенді жоспарда көзделген инвестициялық жобаларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі негізгі тежеуші факторлардың бірі болып отыр деп санаймыз. Жоспарға сәйкес 2024—2028 жылдары модернизация, қолданыстағы өндірістерді кеңейту және жаңаларын құру мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы 600 млрд теңге бөлу қарастырылған болатын.

Алайда, жуырда өткен машина жасаушылар форумында хабарланғандай, 2024 жылға 50 млрд теңге және 2025 жылға 70 млрд теңге көлеміндегі бекітілген қаржы-экономикалық негіздемелерге қарамастан, қаражат толық көлемде бөлінбей, кәсіпорындарға толық жетпеген.

Қазіргі уақытта жағдай түзетілуде, 12,6% мөлшерлеменен несиелеу енгізілді, алайда өткен тәжірибені ескере отырып, бөлінген қаражаттың жеткіліктілігі алаңдаушылық тудырады.

Мәселен, биылғы жылы ӨДҚ 145 млрд теңге сомасына 11 жобаны мақұлдап, қаржыландыруды бастады, қаржыландыру сомасына 7 жоба сараптаманың екінші кезеңінде тұр. Оларды бекітілген қаржыландыру көлемімен толық қамтамасыз етуді сұраймыз.

Бұл ретте саланы қаржыландыру жалпы жүргізілуде, алайда ол көбінесе өнім тұтынушыларына

арналған лизингтік бағдарламаларға бағытталған, ал өндіріс қаржы тапшылығын сезінуде. Бұл жоспарлауда айқын теңгерімсіздіктің бар екенін көрсетеді. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша «ӨДҚ» АҚ арқылы 400 млрд теңгеден астам сомаға лизингтік мәмілелер қаржыландырылған, оның ішінде вагон паркін жаңарту, автобустар, арнайы және коммуналдық техникалар сатып алу бар.

Сонымен қатар, өндірісті жаңғыртуға және өнеркәсіптік кооперацияны кеңейтуге (Кешенді жоспарда көзделген) одан бірнеше есе аз қаражат бөлінген. Мұндай теңгерімсіздік ішкі сұранысты отандық өндіріс есебінен қамтамасыз ету тұрғысынан тұрақсыз, өйткені оны жасырын импорт алмастыру мүмкін.

Екінші маңызды мәселе — корпоративтік нарықты қамту.

2025 жылдың мамыр айында ірі тапсырыс берушілердің отандық өндірушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттар мен оффтейк-келісімдер жасасу міндеттемелерін, сондай-ақ ел ішіндегі құндылықты дамыту бағдарламаларын әзірлеуді бекіткен заңнамалық түзетулер қабылданды.

Алайда іс жүзінде бұл тетіктер толық іске қосылған жоқ. Бұл көбінесе ірі тапсырыс берушілерге аталған талаптарды орындамағаны үшін

жауапкершіліктің болмауына байланысты.

Осыған байланысты, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінде, «Табиғи монополиялар туралы» заңда және «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алулары туралы» заңда ел ішіндегі құндылықты дамыту жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік енгізу қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ, реттелетін сатып алуларда қазақстандық қамту үлесін кезең-кезеңімен арттыру және жасырын импортқа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында, отандық өндірушілер тізілімінде өндірістің локализациялау деңгейіне қарай мемлекеттік қолдау шараларын саралауды енгізуді, сондай-ақ мұнай-газ химиясы, энергетика және басқа да салалардағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде ел ішіндегі құндылық үлесі бойынша мақсатты көрсеткіштер белгілеуді, бұл талаптарды жобалық құжаттама мен сатып алу рәсімдерінде бекітуді ұсынамыз.

Осылайша, бірқатар он нәтижелердің болуына қарамастан, «Ақ жол» фракциясының пікірінше, 2028 жылға дейінгі машина жасау саласын дамытудың Кешенді жоспарын іске асыру ағымдағы міндеттерді түзетуді және қосымша құралдармен толықтыруды талап етеді.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының депутаты:
А.Перуашев,
Д.Еспаева,
Е.Барлыбаев,
Қ.Иса,
С.Ерубаев,
О.Нұралдинов.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Парламенттегі қызметінде бұл ұстанымды жүйелі түрде қорғап келеді.

Біз мемлекетке орны толмас залал келмеген немесе азаматтардың өмірі мен денсаулығына қоғамды Парламенті қ қауіп төнбеген жағдайда кәсіпкерлерге қылмыстық жауапкершілік қолдануға жол берілмеу керек деп санаймыз.

Осы тұрғыда «Ақ жол» фракциясы құқықтың жазалаушы емес, превентивті моделіне, яғни, алдын алу шараларына басымдық беретін және бұзушылықтардың орнын толтыру мүмкіндігін қарастыратын жүйеге көшуді қолдайды.

Кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі — кейде бизнес, әсіресе, жаңа және технологиялық салаларда, оны реттеу шараларынан да жылдамырақ дамиды. Мұндай жағдайда қылмыстық нормаларды формалды түрде қолдану шаруашылық үдерістерді криминализациялауға әкеліп, инвестицияларды тежеп, бәсекелестіктің деңгейін төмендетеді.

Бизнесті де-криминализациялау жұмысында «Ақ жол» фракциясы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, 10 жылға созылған даулардан кейін Қылмыстық кодекстен «жалған кәсіпкерлік» туралы бап алынып тасталды, бұл баптың салдарынан, бір қате мәмілеге бола тұтас кәсіпорындар жойылып кететін.

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ Б.Н. АСЫЛОВҚА

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ ІСТЕР ҚАЙТА ҚАРАЛУЫ КЕРЕК

Президент Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» (2023 ж.) атты Жолдауында экономикалық қылмыстарды декриминализациялау бойынша жұмыс жүргізу тапсырылған болатын. Бұл туралы депутаттық сауалды ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Ерлан Барлыбаев мәлім етті.



Одан кейін фракциямыз «жалған шот-фактуралар» деп аталатын тізбектер бойынша бизнесті қорғауды жалғастырды, мұнда да бұзушылықтар үшін жауапкершілік адал контрагенттерге жүктелетін.

Сондай-ақ, «Ақ жол» депутаттары салық даулары заңда белгіленген тәртіппен шешілгенге дейін қылмыстық істер қозғауға жол берілмеуі керектігін бірнеше рет көтерді. Жалпы алғанда, біздің фракция кәсіпкерді, бас бостандығынан айырмай-ақ, еселенген мөлшерде

өтелуі мүмкін экономикалық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау қажет деп санайды.

Мұндай жағдайлардың барлығында экономикалық бұзушылықтарды түрде ұстау арқылы емес, келтірілген залалды өтеу сияқты экономикалық шаралармен реттелуі тиіс деп есептейміз.

Былтыр «Ақ жол» фракциясының бастамасымен Қылмыстық кодекстің 31-бабына өзгерістер енгізіліп, ресми бизнестегі қызметтік міндеттерді

бөледі ұйымдасқан қылмыстық топтың (ҰҚТ) белгісі ретінде қарастыруға тыйым салынды.

Шынайы ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметі зорлық-зомбылықпен, бандитизммен, бопсалаумен және басқа да ауыр қылмыстармен байланысты, бұл бизнес қызметінен түбегейлі ерекшеленеді.

Кейіннен осыған ұқсас №72-НП қаулысын Конституциялық Сот та қабылдады.

Алайда келіп түсіп жатқан ақпарат заңнамаға қарағанда іс жүзінде жағдай баяу өзгеріп жатқанын көрсетеді.

Кәсіпкерлер, олардың туыстары мен адвокаттары шаруашылық қызметтері де тәртіп және сот органдары тарапынан ҰҚТ-ға қатысу ретінде бағаланатын жағдайлар бар екенін хабарлауда. Сондай-ақ мұндай айыптаулар бойынша бұрын шығарылған үкімдер Қылмыстық кодекстің 5 және 6-баптарына, сондай-ақ Жаңа Конституцияның 5-бабы 5-тармағына қайшы түрде қайта қаралмай отыр. Аталған норма-

лар заң жеңілдетілген жағдайда бұрынғы жазалар қысқартылуға тиіс екенін тікелей бекітеді.

Бұл жағдайға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тиісті нормативтік қаулысының созбалаңға түсуі де әсер етуде, алайда Қылмыстық кодекстің өзі тікелей атқарылып, қолданылуы міндетті болып табылады.

Осыған байланысты, «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы төмендегіні сұрайды:

1) 2025 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-бабына енгізілген өзгерістер күшіне енгеннен кейін, ҰҚТ-ға қатысу белгілері бойынша қозғалған кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық істердің қаншасы тоқтатылды немесе қайта қаралды?

2) Осыған байланысты, экономикалық құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған қанша кәсіпкерлер мен азаматтардың ісі Президент жериялаған рақымшылық шешімдерінде қайта қарауға тады?

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының депутаты:
Е.Барлыбаев,
А.Перуашев,
Д.Еспаева,
Қ.Иса,
С.Ерубаев,
О.Нұралдинов.

Аурухана палатасы оңаша, атыныш болса да, ертеңді-кеш ойыңды оңға бөліп, санаңды ауық-ауық сыздатып, мазаңды ала береді.

Әншейінде есіңе түспейтін оқиғалар сонау өткен жылдардың жылғасынан жаңғырып шығып, жанасалап келіп, жарым көңіліңнің таразасына сенің рұқсатыңсыз тартылып, тағы бір төрелігіңе жүгінеді – еріксіз саралайсың, дұрысы мен бұрысын салмақтайсың, әу бастағы бағаңның әлі де тұрақты немесе басқаша екеніне көз жеткізесің, мезгілді кереге, уақытты уық еткен заман шіркіннің өзіңді қалай сөйлеткенін де, енді қалай сөйлетерін де аңдайсың: өкінуің де, шүкіршілік етуің де мүмкін.

Осындай толғаным толқынында жатқан Әдекеңді... қоғам және мемлекет қайраткері, майдангер жазушы Әди Шәріповті әлде не елең еткізіп еді. Есіктің шиқылы екен.

«Бар болғырдың топсасына тамыза салар бір-екі тамшы май таба алмағандары ма?» деп есік жаққа көз тастаған: Мұхаң кіріп келе жатыр! Әдекең басын көтермекке ыңғайланды. Бірақ үлгімеді. Қалт көтере қояр шамасы да жоқ болатын.

– Пәлі, Әди, қозғалма, саған әзірше қимылдауға болмайды ғой! – деп жымыған Мұхтар Әуезов шапшаңдау басып жетіп, Әдекеңнің «амалым жоқ!» деген лажсыздығын білдіре сәл көтерген екі қолын екі қолымен ақырын ғана ұстап, қысыңқырап қойып: – Дәрігерлерге бағынбай болмайтынын білесің, олар қалжыңды көтермейді, – деді әзілдеп, қоңыр үні қоңыраулап.

Содан кейін төсектен сәл қиыстау тұрған биік арқалықты орындықты жақындатып алып, жайлана жайғасты.

– Мұха, өзіңіз қалайсыз? Санаторийге бармадыңыз ба?

– Бармадым, осындағы ем-домы да жетер, Мәскеуге жол жүруім керек болды. Профессор Сайым Балмұханов сонда баруымды мақұл көріп отыр, – деген Мұхаң оны-мұны шаруаларын айта келіп, сөзін Әдекеңге екі аманат тапсырумен түйіндеді.

– Әди, сен әбден жазылып, айығып шық, аманшылықпен қауышуға жазсын!

Ай маңдай Мұхаңның қабағын сәл шытып аяқтаған осы бір қоштасу лебізі Әдекеңді іштей тіксіндірді. Мұхаң бұдан бес күн бұрынғысындай емес. Онда, ауруханадан шығатын күні келгенінде:

– Әди, мен әжептәуір сергіп қалдым, ертең әлгі реабилитация дегендеріне бармақпын, сол «Алматыда» (санаторий – **Ф.Қ.**) кездесерміз. Сен де сергіп шық, пәлі, қайраты мол партизан емеспісің, тез жазыл! – деп көңілді әзілдеген.

Енді Мәскеуге аттанбақ, операция жасатпақ. Өмірдің сан қажауын көрсе де саспаған, жасымаған ағаның аузынан: «...бірақ кім біледі?», «Тозған жүрек не дейді?..» тәрізді күдік астарлы сөздерді есту Әдекеңге ауыр тиді.

Оның үстіне:

– Өзің оқуға түсуіңе қол ұшыңды берген Мұрат әлі жас, көз қырыңды сала жүргейсің! – деді. – Екінші аманаты – «Қилы заманды» қайтадан бастырып шығаруды мойныңа аал, сенің ғана қолыңнан келеді, – дегенді және айтты.

Тым-тым ауыр тиді.

– Мұха, бұл тапсырмаңызды өзіңізбен ақылдаса отырып орындаймын ғой, повесіңізді басқа тілдерге де аудартырамыз! Аман-есен ораласыз, той жасаймыз! – деп аға көңілін серпілтпек адал ниетпен жауап берген.

– Пәлі, Әди, аузыңа – май!.. Әйтсе де, сен аманаттарымды ұмытпа!..

Бұл мезгіл – 1961 жылғы мамыр айының бас шені болатын.

«Қилы заман» 1928 жылы Қызылор-



ОНДАҒЫ ЕРЛІК ұттымытпауы маіс

дада басылып шыққан, қайтадан жарық көрсету қажет-ақ!

«Феодалдық-ұлтшылдықты насихаттаған кітәп» деп қисынсыз, албаты басылған әділетсіздік таңбасынан арылтар уақыт жетті емес пе?! Қайдағы феодалдық?! Қайдағы ұлтшылдық?! Қазақ халқының тарихтың бір белесіндегі өмірін анық көрсетіп берген шыншыл шығарма ғой!

Бірақ керзаманның кесапатын қымтай түскісі келетін «оқымыстыларымыз» әлі де опа таптырар емес, олар әлі күшті екен, ырық бермеді. Әдекең түзу-ақ жол ғой деп қадам басса болды – «Қилы заманның» алдындағы ор да, тор да көбейе түсті, орағытып өтуге де мұрша бермеді. Ең жоғары, ең ықпалды деген лауазым иелері де илікпеді, иліккісі келгендерінің өзі: «Ойланайық, көрейік» деумен жүрді. «Өзің үкіметтің бір басшысысың, партияның саясатына көлденең іспен шұғылдануың қалай?!» – деп бопсалаушылар да табылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Әди Шәріпов қаншалықты батыл, табанды болса да, анау саясатқа арқа сүйеген сұрықсыз топтың тасқамалын бұза алмады. Ол тасқамалдың аумағын айналып өтудің сәті бес жылдан соң – 1966 жылы ғана түсті. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы болып сайланғанында...

Тәуекелге талай бел бұған Әдекең «Қилы заманды» түгел күйінде мәшіңкеден өткіздіртті те, орыс тіліне жолма-жол аударуға тапсырды.

Сөйтіп, орысша нұсқасын 1969 жылдың басында СССР Жазушылар одағына жол түскен бір сапарында Мәскеуге ала барды. Онда Мұхаңның досы Алексей Наумович Пантиелевті іздеп тауып, хикаяны әдеби аудару ісін өзің атқар деп, шығарманың жолындағы шырғаланды, авторының аманатын айтып берді. Пантиелев толқып, тебірене отырып келісті. Аударманы төрт ай шамасында тәмамдап, Әдекеңге телефон жолды. Әдекең Мәскеуге, кезекті мәжілістердің біріне шақырылып, аттанғалы отырғанды. «Әп, бәрекелді! Іске сәт!».

«Лихая годинаның» қолжазбасын оқып шықты – жап-жақсы! Енді баспаға тапсыру керек. Одан бұрын журналдардың бірінде жарияланса, тіпті оңды болар еді. «Новый мирге» барды. Бас редакторы Александр Трифонович Твардовский қуана құптап: «Мұны мықты жазушыларымыздың бірінің алғысөзімен берсек жөн болар еді, кімге жазғызсақ екен?» – деді.

Ол жәйтті де ойластырып барған



Әдекең: «Шыңғыс Айтматов тұрғанда басқа кім керек?» – деп еді, Твардовский: «Дұрыс! Шыңғыс Төрөқұлұлымен өзім сөйлесем!» – деді шын ықыласпен.

Орыс тілінде оқырман асылайша жол тартып, 1972 жылы «Новый мир» журналында, 1973 жылы «Художественная литература» баспасында жарық көрген «Лихая година» қазақы ортасына «Қилы заман» қалпында тағы бірсыпыра «тар жол, тайғақ кешу» көріп, 1974 жылы «Жұлдыз» журналы, 1975 жылы «Жазушы» баспасы арқылы оралды. Әдекең бір масайрады-ау сонда!

Ешқашан, ешкімге, ештеңеге иілмеген еңсеге аяулы ағаның аманаты шынында ауыр бір салмақ болған-ды. Ақырғы аманатының орындалуына алғаш жол ашылған күні – «Лихая година» Мәскеу журналында жарияланып, Пантиелев шүйінші сұраған сәтте коммунист Әдекең: «Мұха, аруағың риза болсын!» деп іштей дұға оқып, бетін сипады.

Әдекең өзінің басқаға жасаған жақсылығын пұлдамайтын, өзгеге және айтпайтын. Құлағым шалғанды «сол қалай болды?» деп сұрай қалғанымда қыран көзі жалт етіп қарайтын – «кім айтты?!» дегені. Содан кейін: «ех-хе-хе» деп күліп алып, қысқа қайыра жауап беретін, сонда да: «мені қойшы, Пәленшекең ғой!» – дейтін.

1957 жылы ҚКП Орталық Комитетінің екінші хатшысы Н.Журин біраз адамдарды мәжіліске шақырыпты. Айтқаны – қазақ тіліндегі газет-журналдарды аударма басылымға айналдыру керек және зиялылардың сол «партиялық саясатты» қолдауы шарт. С.Мұқанов, Ж.Саин, Ә.Тәжібаев, О.Құдышев, К.Үсебаев, Әдекең және басқалар ашық қарсы шыққан. «Әй, сонда Жұмағали Саин мен Жұмабек Тәшеновтің ерлігіне

сүйсінгенім-ай!» деген-ді Әдекең. «Жолдас Журин, – деп Саин оған мінберден түйіле қарап сәл тұрыпты да: – біз кешегі Ұлы Отан соғысында кеудемізді оққа не үшін тостық, қанымызды не үшін төктік? Біз тіліміздің келешегі үшін соғыстық! Егер тіліміз жойылса, онда біз өмір сүрмей-ақ қояйық. Қазақтың газет-журналын аудармаға айналдыру – менің ана тіліме қанжар салғандық!» – депті.

P.S.

Әдекеңнің естеліктері мен Әдекең жайындағы естеліктерді шығаруды қуадым да, ол «Көргенім, көңілге түйгенім» деп аталып, 1998 жылы «Қазақ-университеті» баспасының жарық көрді.

Мына әңгімеленген жәйт Әдекең архивінен табылған көшірмелерден алынып берілді. Кітапқа айналғандағы бір ғана «әттең!» – 168-бетіндегі тоғыз жолдың түсіп қалғаны (корректордың кінәсінен).

Жұмағали Саинның аруағынан кешірім сұрай отырып, құрметті оқырман, егер Әдекеңнің кітабы қолыңызда бар болса, сол 168-беттің жоғарыдан тоғыз жолы етіп:

● **«Мінбеге ақиық ақын**

Жұмағали Саин көтерілді.

Ол...» деп жазып қоюыңызды өтінемін. Одан соң:

«Жұмабек Тәшенов болса,

Журинді қостаған Қасым

Шәріповке: «Қазақ тіліндегі

газет-журналдарды сен

ашқан жоқсың, сен жаба да

алмайсың! Қазақ халқы қанша

өмір сүрсе, газеті мен журналы

сонша өмір сүреді! Сен не

деп сандырақтап тұрсың?!»

десе, Орталық комитеттің

хатшысы Нұрымбек

Жанділдинге: «Сен не айтып

тұрсың? Интернационалдық

тәрбиенің бұл қосақтағаннан

басқа жолы жоқ па? Сен

ең алдымен өз халқыңның

тілінің, мәдениетінің қамын

ойламайсың ба?!» – депті. Сол

мәселе бюрода қаралғанда

да ашық қарсы тұрған жалғыз

адам – Жұмабек Тәшенов».

Мен 1974 жылы Әдекеңмен алғаш сапарлас болдым. Кеңес әдебиетші сыншыларының Тбилисиде өткен Бүкілодақдық кеңесіне Қазақстан делегациясын бастап барды. Мәскеу, Ленинград, Киев, т.б. атақты орталықтардан келген небір қасқалар мен жайсаңдардың: «Ади Шарипович!», «Адеке» деп құрақ ұшқандарын көргенімде төбем көкке жетіп, бір марқайып қайтқанмын. Сол сөзімнің әсері болар, ұшақта қатар отырып келе жатып:

– Әд-аға, көздеген нысанаңызға дөп тигізе алмаған сәтіңіз бар ма? – деп еркелене әзілдедім емес пе?!

Әдекең жоталы мұрнын алақанымен молынан бір сипап:

– Сәбеңе... Сәбит Мұқановқа, жетпіс жасқа толғанында Алтын жұлдыз әпере алмағаныма әлі күнге дейін қынжыламын! – деді де, ұшақтың перзесіне қарап үнсіз қалды...

Әйгірлі Кэмбридж университетінің Халықаралық библиография орталығы шығарып тұратын «Әлемнің аса көрнекті адамдары» деп аталатын анықтамаға көзі тірісінде аты-жөні жазылған Әдекеңді бұл дүниеден өкінішсіз өтер тұлға деп ойлаушы едім.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
Қазақстанның Халық жазушысы

Қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілі Әбдікерім Мұратов шығармаларын қазақ тіліне тәржімалау – бір ғана кітапты аудару емес, тұтас бір көркемдік жүйені, өзіндік дүниетанымды, мінез бен уақыттың үнін басқа тілде қайта тірілту деген сөз. «Кептерхана» жинағы осы тұрғыдан алғанда, аудармашы үшін де, оқырман үшін де айрықша тәжірибе алаңына айналды.

Бұл кітаптағы әр әңгіме – өмірдің бір бөлшегі, тұтас бір кезеннің, белгілі бір көңіл күйдің, уақыт тынысының көрінісі. Сондықтан оны аудару барысында мәтіннің сыртқы қабатын ғана емес, ішкі иірімдерін, астарын, кейде тіпті естілмей қалған үнін де қоса жеткізу қажет болды.

Ә.Мұратов прозасының өзегі – өмір шындығы. Бірақ ол шындық жалаң баяндаумен емес, кейіпкердің жан дүниесі арқылы ашылады. Сондықтан аудармашының алдында екі міндет қатар тұрды: бірі – мазмұнды бұзбау, екіншісі – сол мазмұнды жеткізетін әсерді жоғалтпау.

Мысалы, қырғызша: «*Жүрегімде бір нәрсе сынып жатқандай болду...*» дегенді: «*Жүрегімде бір нәрсе сынып жатқандай болды...*» деп сөзбе-сөз аударуға болады. Кейбір әріптестеріміз солай істейді де. Алайда онда қан-сөлсіз, жансыз сөйлем шығар еді. Оның есті оқырманды тартуы былай тұрсын, жирендіріп алары хақ. Ал: «*Жүрегімнің бір пернесі үзіліп кеткендей...*» десек, көңілге әлдеқайда қонылымды әрі ұтымды шығады. Айырмашылық аз көрінгенімен, әсері бөлек. Аудармадағы негізгі еңбек – осындай ұсақ детальдарды дәл тауып, дәп басу.

Сол сияқты: «*Тағдыр аны башка жақка сүйрөп кетти*» дегенді «*Тағдыр оны баска жақка сүйреп кетті*» демей, «*Тағдыр оны баска бір арнаға бұрып жіберді*» деп алу – ойды жұмсартып қана қоймай, тереңдете түседі. Біздіңше, осы сонғысы әлдеқайда жақсы.

«*Қайта оралшы, қарлығаштарым!*», «*Тесейбайдың теректері*», «*Кия жол*» сияқты әңгімелерде пәлендей қою оқиға жоқ, кейіпкердің ішкі толғанысы алдыңғы қатарға шығады. Аталған шығармаларда автор ойын ашық айтпайды, көбінесе ишарамен жеткізеді. Осындай тұстарда сөзбе-сөз аударма жүрмейді. Себебі түпнұсқадағы «үнсіз қалған» жерлерді де қазақшада сөйлеуге керек. Мұндай әңгімелерді тәржімалағанда мағына дәлдігінен гөрі әсер дәлдігі басшылыққа алынды.

«*Қантардағы дода*», «*Келін келді, жар-жар*», «*Апам туған үй*», «*Шекара*» сияқты әңгімелерде ұлттық болмыс қанық. Мұнда тұрмыс, салт, сөйлеу мәнері қамшының өріміндей жымдасып жүреді. Бұл шығармаларды аударғанда қырғыз дүниесін қазақшандыру емес, оны қазақ оқырманына жатындырмай жеткізуді мақсат тұттық.

Ә.Мұратов әңгімелеріндегі диалог – кейіпкер мінезінің айнасы. Мәселен, «*Аға, Москва қандай экен?*» дегенді «*Аға, Мәскеу деген қандай өзі?*» деп алған кезде ғана сөйлеу табиғилығы сақталады. Осындай ұсақ «*түзетулер*» мәтінді тірілтеді.

Сондай-ақ «*ата*» дегенді «*аға*» деп алудың да мәнісі бар. Өйткені қырғыз баласы қазір де әкесін және әкесіндей адамдарды «*ата*» дейді. Ал қазақ баласы ертеректе әкесін «*ата*» деген. Қазір Қытай, Моңғолиядан келген қандастар айтпаса, біреуі «*әке*», екіншісі «*көке*» (жазушы М.Мағауин осыны ұсынған), үшіншісі тіпті өзге жұртқа еліктеп «*папа*» деп жүр. Яғни, бірізділік жоқ. Ал бөтен адамды, онда да отыздағы жігітті тіпті де «*ата*» демейді. Сондықтан оны «*ата*» деп алсақ, қазақ оқырманы егде тартқан кісіні айтып тұр-ау деп түсінуі мүмкін. Аталған әңгімедегі «*ата*» – бар болғаны баланың анасы Ақберметтің сыныптасы, орда бұзар отыздың айналасындағы жігіт. Шынтуайтына келсек, қазақ баласы әкесінен үлкендерді «*ата*» деуі керек. Кей әулеттерде солай қалыптасып та келе жатыр. Бұл енді болашақтың еншісіндегі шаруа.

«*Сиякөк пальто*» әңгімесі сырт кара-

ТӘРЖІМА ТАҒЫЛЫМДАРЫ

НЕМЕСЕ КІТАПТЫҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ БІРЕП СӨЗ



ғанда қарапайым детальға (бір пальтоға) құрылған. Бірақ сол пальто арқылы адам тағдыры, уақыт табы, ішкі сағыныш ашылады. «*Сиякөк пальто*» – жай зат емес, кейіпкердің өткен өмірімен байланысып жатқан белгі. Сондықтан аудармада сол «*заттың жүгін*» жоғалтып алмау маңызды болды.

Осы шығарманың қырғызша атауы «*Сыя түстүү пальто*» екен, оны қазақша «*Сия түсті пальто*» деп сөзбе-сөз аударса, мақаланың атауындай шұбалаңқылау шығар еді. Оның үстіне «*сия*» деген кара және көк екі бірдей түстің қабаттасуынан шығады. Дәл қазір кімдікі екені есімізге түспей тұр, алпысыншы жылдары әдебиетке келген қазақ классиктерінің бірінен «*сиякөк аспан*», «*сиякөк бұлт*» дегенді оқып едік. Сондықтан бірден көңілге жылы тиетін «*Сиякөк пальто*» деген атауға тоқтадық. Яғни бояу, реңк, сипаттау сөздер мүмкіндігінше сақталып, кей жері қазақ тілінің ішкі әуезіне икемделді.

Бұл әңгімеде әсіресе ішкі күй, естелік, сағыныш басым. Сондықтан сөйлемдер де жеңіл, қырақ астарлы болып келуі тиіс еді. Ауырлатып жіберсең – әсер өшеді, жеңілдетіп жіберсең – тереңдік жоғалады.

Ал «*Үйдің үлкені*» әңгімесі – қазаққа да, қырғызға да өте жақын тақырып. Үйдің үлкені – тек отбасы мүшесі емес, тұтас бір жауапкершілік, балаға салмақ, ата-анаға тірек. Шынтуайтына келсек, үлкендік жаспен емес, мінезбен, мойындағы міндетпен өлшенеді. Кейде бұл міндетті ортаншы не кенже балалар аркалап кетіп жатады. Ол өз алдына бөлек мәселе. Ал бұл әңгімеде ата-анасы қайтыс болып, шынында да бар міндетті «*Үйдің үлкені*» арқалаған. Осы тақырып Дулат Исабектің «*Әпке*» драмасында да, қырғыз жазушысы Топшыгүл Шайдуллаеваның «*Намазшам гүл*» әңгімесінде де кең көрініс тапқан. Үшеуінде де әпкелері бауырларына қараймын деп тұрмысқа шықпай қалады. Өз бақытын іні-сіңлілерінің бақыты үшін құрбандыққа шалады. Автор осы образ арқылы қырғыз болмысының бір қырын ашады. Үйдің үлкені бәрін көтеріп, нардың жүгін арқалайды.

Мұндай мәтінді аудару бір жағынан жеңіл сияқты көрінеді. Себебі ұғымдар ортақ. Бірақ дәл осы тұста қателесу опонай. Өйткені әр халықтың сол ұғымды жеткізу тәсілі әртүрлі. Қырғызша бір қарапайым тіркес қазақшаға сол күйі келмеуі мүмкін. Сондықтан сөзді емес, сол сөздің астарындағы қатынасты беру маңызды болды. Бұл әңгімеде диалог та, баяндау да өте табиғи. Сондықтан қазақша

мәтінде де артық «*әдебиетке*» ұрынбай, қарапайым, жатық тіл сақталды.

«*Коронавирус және мың гүл*», «*Профессор... Қикар студент... Жасанды интеллект...*» әңгімелері бүгінгі күннің тынысын аңғартады. Басқаша айтқанда, заманауи тақырып – жаңа тыныс. Бұл шығармаларда жаңа ұғымдар бар. Бірақ олар мәтінге жапсырылып тұрмауы керек. Сондықтан терминдер сөйлемнің ішінде табиғи сіңіп кетуіне мән берілді.

Ал «*Құлдық*» әңгімесінде эмигрант әдебиеті дейміз бе, әлде онсыз да аз ұлттардың құруға бет алған трагедиясының көрінісі дейміз бе, әйтеуір қасіреттің ізі бар. Қағынан жеріген ұрпақтың, күн көрістің қамымен кеткен дубара жастардың өмірі арқау болған. Отыз тоғызға келіп әрең үйленген қырғыз жігіті Мырзалінің әкесі Төлен мен анасы Ұлпат Сібірге құдалыққа жиналады. Жолға шығарда Ұлпаттың қан қысымы көтеріліп, ұшаққа отыруға жарамай қалады. Ал Төленнің жалғыз інісі Әділбек – бір ішсе, тоқтай алмайтын маскүнем. Оны ағасының өзі ерткісі келмейді. Амалсыз Мырзалінің нағашы атасы Ташбай ақсақал келісіп, екеуі барлық салт-жоралғысын жасап, артынып-тартынып, ит өлген жерге құдалыққа барады. Құлдық ұрып барған құдалары қырғыз екен десе, маскүнемдіктің улы тырнағына іліккен аз санды ұлттардың соңғы тұяқтарының бірі болып шығады. Құдалары өзін «*Сергей Андреев*» деп таныстырады. Бұлар тек арақ берсе, басқашы жазмас екен дегеннен басқа бас қатырмайды. Ұлдарын оған үйленуден тияйын десе, келіндері Гуляның аяғы ауыр, аузы-мұрнынан шығып отыр.

Қанша малын сатып, ырым-жоралғыларын жасап, құлдық ұрып барған құдаларының қарсы алу «*салтанатын*» жазушы былай сипаттапты:

«*Сықырлаған сыртқы есікті ашып кіргенде-ақ бір иіс бұрқ ете қалды. Қариялар қайта қашып шығардай болғанда, ішкі бөлмеде еркектің жуан дауысы естілді:*

– *Арыг! Арыг!*

– *Арыг бұттә! Бұттә арыг!– әйел де еркектікіндей жуан дауыспен жауап қатты.*

Бұлардың Гуляның әкесі мен шешесі екенін кіргендердің бәрі-ақ аңғарды. Гуля олардан ұялып, үстілеріне тон жаба салған еді, оны теуіп тастап, қызын таныды ма, танымады ма шешесі:

– *Кыыс! Кыыс!– деген күйі демі жетпей қалды.*

Мырзалінің достарына Гуля айтты ма, әлде өздері-ақ солай істеді ме, әйтеуір көлденең көрпелерді жайып, ескі дастарқан

тауып, отырғаны отырып, жатқаны жатып, ішкені ішіп, бас жазып, азан-қазан ба-сталап кетті.

Ташбай мен Төлен бір жерге қисайып жатып, ұйқыға кетті». Қандай қасірет? Барлық шаруасын тастап, жердің түбіне құдалық барғандағы көрген «*сыйы*» осы.

«*Құлдық*» әңгімесінде Ресей азаматтығын алған, Сібірдегі құрып бітуге айналған аз санды ұлттармен біте қайнасқан, өздері де ішкілікке салына бастаған, болашақта солардың кебін киюі әбден мүмкін қырғыздардың өмірі арқау болған «*Сағыныш*» деген әңгімеде де Ресейдегі қырғыздардың өмірі недәуір айтылады. Қырғызстандағы бала Сағыныш мәскеулік қандас ағасынан былай деп сұрайды:

«– *Сіз де Украинадағы еркектерді деп қашып келдіңіз бе? Еркектердің бәрі қашып келіп жатыр ғой. Біз оларды ауылда «ысмайылдар» дейміз. – Бала осылай дегенде не дерімді білмей қалдым. Шынында да қашып келгенбіз. Намыстанып кеттім де:*

– *Қашқан жоқпын. Қайта барам... – дедім. Даусымның сенімсіз шыққанын өзім де сезіп қалдым.*

Баланың Ысмайыл деп отырғаны – Шыңғыс Айтматовтың «*Бетпе-бет*» хикаятындағы соғыстан қашқан жігіт екені мәлім. Ресей азаматтығын алған соң ондағы қырғыздар да соғысқа баруға міндеттіміз деп санайды. Олардың Қырғызстандағы туыстары да осы пікірде. Орынбор, Омбы, Аштархан қазақтары да осылай қырылып жатыр. Ал жетпіс жеті атасынан бері Ресейде тұрып келген неше миллион орыс соғыс бастала сала Қазақстанға қашып келген жоқ па!? Парадокс!

Біз де шетелдегі қазақ әдебиеті бар. Бірақ елден кетіп алысқа қоныстанған ағайын туралы эмигранттар әдебиеті әлі қалыптаса қойған жоқ сияқты. Қырғыздарда ол анық жазылып жүр.

Бұған дейін орыс және қырғыз тілдерінен бірнеше кітап аударғанбыз. Былтыр ғана баспадан шыққан «*Түнгі жарық*» жинағымызға (Алматы: КІТАР баспасы, 2025. – 258 б.) Америка, Еуропа, орыс классиктерінің шығармаларымен қатар А.Жақшылықов, Ә.Матисақов, С.Раев, К.Сыдықова, Т.Шайдуллаева сынды Қырғыз Халық жазушыларының оннан астам әңгімелері енген еді. Сол тәжірибе осы аудармада кәдеге асып, молынан пайдаланылды.

Бұған дейін байқағанымыздай, қазақ, қырғыз тілдеріндегі кей сөздердің түбірі ортақ болғанымен, реңкі өзгеше. Сондықтан әр сөздің астарына үнілуге тура келеді. Мәселен, қазақша желді қырғызша «*шамал*» дейді. Ал оны білмегендер «*самал*» деп аударуға мүмкін. Самалдың қазақша мағынасы мүлдем бөлек. Сондай ақ қерең, саңырауды қырғызша «*дүлей*» дейді. Оны қазақша сөзбе-сөз «*дүлей*» деп аударуға салсаң, оңбай қателесесің. Өйткені қазақша «*дүлей*» – қауіп пен үрей тудыратын қуат, бақылаудан шыққан, апатты ратендіге күш. Мәселен, дүлей боран – көз аштырмайтын, жойқын боран; дүлей дауыл – алапат жел; дүлей күш – тасқын, апат секілді күш. Ал адамға байланысты ауыспалы мағынасы: дүлей мінез – тізгінсіз, қатал кісінің мінезі; дүлей ашу – өзін ұстай алмайтын, буырқанған ашу. Осылай кете береді. Қос тілдің осы сияқты өзіндік ерекшеліктерін бұрыннан білгеніміздің бәрі «*Кептерхана*» кітабын аударуға зор көмегін тигізді. Сөйте тұра тіл жақын болған сайын дәлдікке талап күшейеді.

Қысқасы, «*Кептерхана*» – адам жанының, уақыттың тағдырының көркем шежіресі. Бұл кітаппен тұрмыс істеу барысында тағы бір нәрсе анық болды: аудармашы мәтінді емес, тұтас бір әлемді көшіреді. Ал сол әлемді бұзбай, жат қылмай, өз тілінде қайта тірілту – тәржімадағы ең үлкен жауапкершілік.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы Проза кенесінің төрағасы.

1991 жылы, осыдан тура 35 жыл бұрын, қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтен сұхбат алудың сәтті тускен еді. Ол кезде мен «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісімін. Өзім қызмет істейтін газетте олеңдерім де, мақалаларым да шығып жатады. Енді «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Ислам Бейсебаевқа сиясы кеппеген «Шер-шемен» деген толғау-поэмады алып бардым. Асықпай оқып шықты да: «Шағын поэмаң ұнады. Қазақтың шерін қозғапсың. Газетімізден орын беремін, бірақ бір шартым бар...» деп кідірді. «Айтыңыз» дедім, бас редактордың нені қалап отырғанын аңдай алмай. «Газетіміздің таралымын көбейтуіміз керек. Ол үшін жұрт қызыға оқытын материалдар қажет. Сен маған бір мықты жазушымен сұхбат дайындап бер. Алдымен соны береміз, содан соң поэмаңды...» деді. Он жыл бойы «Лениншіл жаста» талай мақала, сұхбат, очерктерім шығып жатты ғой. Бұл онша қиын шаруа емес. «Сұхбатты кімнен алайын?» — дедім бірден іске кірісуге дайын екенімді білдіріп. «Ол енді өз таңдауды. Кіммен келіскеніңді маған айтарсың...» деді Исекең. «Менің де бір шартым бар. Онда сұхбатты бүркеншік атпен дайындайын» дедім. Оған келісті. Сөйтін бір-ер күн әрі ойланп, бері ойланып, ақыры «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарының авторы, атақты жазушы Қабдеш Жұмаділовке хабарластым. Қабдеш Жұмаділов өзінің «Тағдыр» романы үшін «Абай ғана, 1990 жылы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты алған болатын. Бұл шығармасы қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпты терең толғаған тағдырлы туындылардың бірі ретінде жоғары бағаланған еді. Қабдеш аға: «Сурақтарыңды дайындап кел!» — деді. Орталықта Опера театрының жанындағы орындықтардың біріне жайғасып отырып ұзақ әңгімелестік. Бұл кезде Еліміз әлі Тәуелсіздік алған жоқ болатын. Сұхбатымызға «Өткелі қиын өтпелі кезең» деп тақырып қойдым. «Алматы ақшамында» жарқ ете қалды («1991 желес, 5 шілде»). Соның «Әңгімелесен Ә.Жақсылықұлы» деп тұр. Сұхбат шыққан соң Қабдеш аға телефонмен хабарласып, ризашылығын білдірген. Бірақ осы сұхбаты Қабекеннің көптомдығынан да, басқа кітаптарынан да көре алмадым. Сірә, көп қағаздардың арасында ұмыт қалған болар... Ел, жер, ұлт тағдырына алаңдап өткен қабырғалы қаламгер еді ғой. Осыдан 35 жыл бұрынғы сұхбат. 14 сауалыма түгел жауап берген екен. Ұстанымы берік ұлт жазушысының сондағы көзқарастары, ой-толғаныстары бүгін де қымбат деп ойлаймын.

«ӨТКЕЛІ ҚИЫН ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ...»

— Қабдеш аға, қазіргі күрделі де қиын кезеңде адамдарға он-солын дұрыс бағдарлаудың өзі оңайға түспейтін сияқты. Кейде тығырыққа тірелгендей күйінген, кейде кең өріске шығатын жолды тапқандай қуанған, ал кейде үміт шамы бір өшіп, бір жанып әрі-сәрі күй кешкен жұрт. Базар нарқы күйіп тұр, баға өсу үстінде, әлі де өспек көрінеді. Алыпсатарлардың асығы алшысынан тұруда. Ал қатардағы қарапайым еңбеккердің күні ертен не болмақ? Осы бір көкейкесті сауал, жазушы ретінде, Сізді де толғандыратын болар?

— Бұл бір өткелі қиын өтпелі кезең деп ойлаймын. Күлбітгесіз айтсақ, социализмнің дағдарысқа ұшырағаны анық. Жетпіс жылдық «даңғыл жолымыз» тұйыққа келіп тіреді. Социалистік құрылыс өзін-өзі ақтамады. Енді қайтадан құрылу қажет болды. Ең алдымен нарықтық экономикаға көшуіміз керек деп отырмыз. Шектен тыс орталықтандырылған мемлекет мүліктері жеке қожалықтарға берілмек. Әкімшілік-әміршілдік басқару жүйесі күйремей. Жана бағыт бәрі ала бастады. Дамудың бұрынғыдан өзгеше жолына қадам бастық. Ал мұндай өтпелі кезеңде қиыншылықтар болмай тұрмайды. Бүгінгі көзқараспен қараған кезде кешегі кәсіпкеріміз шаш-етектен. Дамудың табиғи жолынан ауытқыдық. Экономика өз заңы-

қиын тиюі мүмкін. Екіншіден, біздің қазақ халқы бір кезде капиталистік дамудың жолынан өтпеген, дәмін татпаған ел. Оны біз үнемі мақтан тұтып, жетістігіміз санап келдік. Ал, шындығында, бұл біздің кемістігіміз болап шықты. Мәселе, біздің саясат пен экономикаға деген көзқарасымызда ғана емес, психологиямыздың қалыптасу жүйесінде жатыр. Нарық дегеніміз — базар. Базар дегеніміз — сауда. Оған біздің халықтың қыры жоқ. Әлбетте, төлден төл алу оңай, ал товарды товарға айырбастау, тиыннан тиын тудыру қиын. Қаласанда, қаламасаң да — нарықтың қатал заңы осыған негізделген. Қазақ халқы осы жағдаймен бетпе-бет келгелі отыр. Меніңше, ертеден отырықшы



ҰЛТ ЖАЗУШЫСЫНЫҢ ҰСТАНЫ

мен жүруі керек екен. Жердің, кәсіпорынның, шаруашылықтың, қыл-аяғы әр заттың өз иесі, қожасы болуы керек екен. Осыған енді ғана ден қоя бастадық. Бір ұлттың екі түрлі даму жолына түсіп (мәселен, екі Германия, екі Корея), екі түрлі деңгейден көрінгені де тарихи сабақ болса керек. Жуырда «Литературная газетадан» Кубаның қазіргі ұлттық табысынан Майамаға босып барғандардың табысы екі есе артып түсетінін оқыдым. Мұндай фактілерді мойындауымыз керек.

Нарықтық жағдайға көшудің Одақтағы әр республикаға әртүрлі әсері болды деп ойлаймын. Қазақстанда бұл процесс қиындықтар мен ауыртпалықтар арқылы өтеді. Оның екі түрлі себебі бар: біріншіден, Қазақстанда күні кешеге дейін империялық отаршылдық Республликаның өз игіліктерін өзі пайдалана алмауы, экономикалық дербестіктен айырылуы, тағы да басқа көптеген әділетсіздіктердің орын алуы — тізгінін басқаға беріп қоюдың салдары. Осы қателік бізге өтпелі кезеңде өте ауыр тиюі,

елдер, өзбектер, тәжіктер немесе Кавказ халықтары, Балтық бойындағы елдер бізге қарағанда бұл кезеңнен жеңіл өтеді. Өйткені олар нарықтық экономикаға базар арқылы біртабан жақын тұрғаны байқаймыз. Енді бірте-бірте жеке меншік күш алғаннан кейін «социалистік меншік» деген атаудың өзі ұмытылады.

Бағдар айқын. Нарық жағдайына көшуіміз керек, көшеміз де. Бірақ, өтпелі кезеңде бағаның күрт өсуі халыққа күтпеген соққы болып тиіп отыр. Базар бағасы табиғи жолмен өсуі керек еді. Бірте-бірте, сатылап дегендей. Мемлекеттік бөлшек сауда бағасын әкімшілік бұйрықпен күрт өсіру және базар бағасының өлденеше еселенуі — елді есенгіреткен ауыр қос соққы болды. Бағаны өсіруді күнделікті тұтынылатын товарлардың көбеюімен, өнеркәсіптің дамуымен сәйкестендіре жүргізгенде мұншалықты қиындықтарға ұрындырмақ еді. Біз, жалпы, бір ұшқарылықтан екінші ұшқарылыққа оңай жол береміз. Қос қоржынымызды тең ұстай алмаймыз. Ылғи бір жағына ауып, қисайып жүргені. Бұл жолы да солай болғаны ғой...

— Бұл ауыртпалықтардың барлық шығармашылық одақтарға да қиын тиіп отырғаны байқалады емес пе?

— Әсіресе аз халықтардың әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен баспасөзінің дамуына үлкен сын болмақ. Бұрын бұған мемлекет арнайы қаржы бөлетін. Мемлекеттік қордан көмек берілетін. Енді өз күніңді өзің көр демек. Қағаз тапшылығы мен қымбатшылығы, экономикалық пайда түсірмейтін басылымдардың бәрін шектеу, шығармау т.б. — қайшылықты дағдарысқа тірейтіні сөзсіз. Өнеркәсіп пен шаруашылықты нарық жағдайына көшіру кезінде мәдени-әлеуметтік салаларға қамқорлық жасау керек еді. Осы мәселеге Қазақстан Үкіметі, Парламентіміз көп көңіл бөлуі керек. Егемендік, тәуелсіздік, дербестік деп құлшынған кезде мәдениетіміздің, әдебиетіміздің, өнеріміздің еркін дамуы үшін күрескен едік ғой. Керісінше болып шыкса — төккен тердің, еңбектің зая кеткені. Ұлттық рухани мұралардың құнын нарық заңына бағындырып өлшеуге болмайды. Пайда түсетін рухани қазына, пайда

түспейтін рухани қазына деу — ақылға сиымсыз.

— Одақ жазушыларының да, Қазақстан жазушыларының да съездері күз айларына шегерілді ғой. «Жазушылар одағы қажет пе?» деген сауал да естіліп калады. Сол сауалдың төні ретінде дау-дамай да жоқ емес. Бұл жөнінде сіз қалай ойлайсыз?

— Құрылтай алдында неше түрлі пікірлер айтылуда. Бірден Батыстағы елдердің үлгісін алға тартушылар да бар. Германияда, Францияда, Америкада жазушылардың одағы жоқ деген пікірлерді де естиміз. Меніңше, бір нәрсені шатастырмау керек сияқты. Америка, Франция, Германия сияқты елдер дамуында демократиялық жолына баяғыда-ақ түскен, экономикасы жоғары деңгейге жеткен, заңдары мүлтіксіз жұмыс істейтін дәрежеде. Ал тарихы 200—300 жылдық тарихы бар іс-тәжірибесін біз табан астында игермек боламыз. Абай айтқан ғой: «Бір-ақ секіріп шығам деп, // Бір-ақ секіріп түсем деп, // Мертігеді, жатады» — деп. Көп тірлігіміз өлі күнге дейін осыған ұқсас. Сондықтан, менің ойымша, шығармашылық одақтар ең алдымен халық үшін қажет. Қазақ халқының негізгі мүддесін қорғайтындар зиялы қауым өкілдері. Ендеше, олардың өзін-өзі қорғайтын ұйымы неге болмауы керек? Қарап тұрсақ, қазір сапырылысқан қозғалыс, басқалар өз ұйымын, ассоциациясын, бірлестіктерін құрып жанталасып жатқан кезде, неге жазушылар өз ұйымын таратуы керек? Бәлкім, Жазушылар одағының құрылымына, басқару жүйесіне көптеген өзгерістер енгізу қажет шығар? Міне, әңгіме осы тәніректе болса ойда-құй. Басымызда болса құла-құйық, ақылдасайық, шешімін табайық. Әкімшілік-әміршілдік сырқаттан арылып, қаламгерлерді талантына қарап бағалайтын нағыз шығармашылық одақ құруды жақтаймын.

— Баспалардан ықылас болмағанын кейін, қаламгерлер қазір кейбір шағын кәсіпорындардың қызметіне елендей бастағандай ма, қалай?



– Шағын кәсіпорындардың құрылуына өз басым қарсы емеспін. Оларға өріс ашылса, өзара бәсекеге түседі де, дұрыс бағыт ұстағандары қалады. Табиғи сұрыптауға ұшырайды. Бірақ, қазіргі кейбір шағын кәсіпорындардың бағытына қарап отырсақ, олардың көбісінің басы-қасында игі мұрат ұстанғандар емес, мал табу, пайда табуды көздейтіндер көбейіп барады. Бәсекелесіп құран шығару, өтімді кітаптарды қайталап басу т.б. қаракеттері ұлт әдебиетінің көсегесін төрттертіп тірлік емес. Кітап шығару ісін тұтастай коммерсанттардың талғамы мен таңдауына беріп қоймай, жүйелі басқаратын арнайы комитет ұйымдастырылса деймін. Танылған таланттардың кітаптарын шығарар, ал танылмағандар ше? Кітаптары шықпаса, олар қайтіп танылмалы? Әдебиетіміздің болашағы солар емес пе?! Осыны ойлау керек.

– Қоғамдағы өзгерістер өткен жолымызға қайта үнілуге, тарихымыздың тұтас тарауларын қайта жазуға, таным-түсінігімізді оятуға ықпал жасауда. Сіздің Қытайдағы қазақтардың өмір танып-жан-жақты зерттеп жазған «Соңғы көш» роман-дилогияңыз, «Тағдыр» романыңыз осы олқылықтарымыздың орнын толтыруға қосылған сүбелі үлес екені даусыз. Халқымыздың өткен дәуір жолын танып-білуге бұған дейінгі енжарлықтың сыры неде?

– Тарихқа қайта үнілу – қажеттілік танып отыр. Бұрын тарихқа сын жарқ көзқарас қалыптасқан еді. Тек бір ғана идеологияның мүддесіне бағындық. Коммунистік идеология барлық ұттарды бір тудың астына тоғыстыруды насихаттады. Ұлттардың өзара жақындасуы, сіңісуі дейтін теория ашық айтылатын. Ал империялық саясаттың аз ұлттарды үлкен ұлттар жұтып қоюын құптауының қалай естен шығардық? Қоғам тану, тарих тану мәселесінде, өз тарихымызды бағалауда, зерттеуде бұл бізге көп бөгет жасап келді. Қазақ халқы осы ғасырдың өзінде талай нәубетті қасынан өткерді. Бірнеше рет қырылған ұшырады, басып, бытырап, басы ауған жаққа кетті. Әлі толық қоныстанып бола алмай, әлі бір шаңырақтың астына топтаса алмай жүрген халықпыз. Қытайдағы, Монғолиядағы, Ирандағы, Ауғанстандағы, Түркиядағы, тағы басқа елдердегі қазақтардың өмірлері жайында не білеміз? Әдебиеттің бір асыл мұраты – халықтың, ұлттың өзін-өзі тануына ыңғал етуі болса керек. Жоғарыда өзін атаған романдарымды жазуыма осы себеп.

– Түркиядағы қазақтар жөнінде не білесіз?

– Қазіргі Түркиядағы қазақтар бір кезде Алтайдан ауып, Шыңжаң арқылы Үндістанға, одан Түркияға өткен ғой. Ерен-қабырғадан Европаға жеткен көш – қазақтардың көші. Қазақтар 1952–1953 жылдары Үндістанға барып топтасқан кезде қайтадан Қазақстанға келсек деп талпынған. Көш басшылары марқұм Қалибек, Халифа Алтай (бұл кісі қазір Стамбулда тұрады) ең алдымен Делидегі совет елшілігіне өтініш жасаған. Өздерін көшіріп алуды, баспана беруді сұраған. Сол кезде Делидегі совет елшілігінде қызмет істеген Төлеген Тәжібаев бұл іске жанын сала кіріскен. Бірақ, Мәскеуден рұқсат



болмаған. Қазір ойлап отырсақ, сол бір қысталаң шақта совет дипломатиясы қазақтарға қол ұшын бергенде, осыдан қырық жыл бұрын олар атамекендеріне оралған болар еді-ау! Совет елшілігінен беттері қайтқаннан кейін олар Делидегі Түркия елшілігіне кірген. Түрік елшілігі Анкарадағы өкіметімен ақылдасып, Үндістан мен Пәкістанда басып жүрген қазақтарға баспана беру туралы шешім қабылдаған. Бомбейден қазақтарды кемелерге отырғызып, Түркияға әкеткен. Одан бергі қырық жылға жуық уақыт ішінде олар сонда орнығып, ес жиып, етек жапты. Францияда, Германияда жүрген қазақтар – солардың ұрпақтары. Бәрінің де бір ғана арманы бар, ол – Атамекенге қайтып оралу!

– Баспасөз құралдары Монғолиядағы қазақтардың Қостанай, Семей, Талдықорған облыстарына келе бастағандығын хабарлауда. «Көш көлікті болсын!» дейді ғой мұндайда...

– Бұл бір жаңа көштің басы деп ойлаймын. Белгілі демографымыз Мақаш Тәтөмов қазақ халқының басынан өткен нәубет кезеңдерді «Ақтабан шұбырынды», «Қызылтабан қырғын», «Қаратабан құлдық» деп жүйелеп жүр ғой. Ал мынау, шынында, «Майтабан – құтты қадам» десе, дегендей, мәні зор, маңызы өзгеше көш. Монғолиядағы қазақтардың құлшынысы өте құптарлық. Монғол өкіметі де есігін ашып, рұқсат беріп отыр. Енді мұндайда ешбір экономикалық қиыншылықтарды сылтауратпай, бір дән болса да бөліп жеп, құшақ жая қарсы алуымыз қажет. Көші-қон мәселелеріне бір орталықтан басшылық жасалайық дейміз. Миграция жөніндегі заңды кешегідей қабылдаудың қажеттілігі өткір сезілуде. Қазақ екендігіміз рас болса, талай ағайындар әліптін артын бағып, бақылауда. Ықыласты оятуымыз керек.

Әлі есімізде, 1955 жылы Шыңжаңнан бері қарай өткен 10 мыңдай отбасыны құлазып жатқан Тынға апармай, Қырғызстанға өткізіп жіберген болатын. Олардың алды 6 айда, соңы 1 жылда Қазақстанға қайта көшіп келді. Бір көшкенде – екі көшті! Мәскеудің бір ұлтты екінші ұлтқа сіңіріп жібермек болған солақай саясаты қайталанбауға тиіс.

Монғолиядан көшіп келген бауырларымызды бытыратпай, бөлшектемей, өз қожалықтары, бірлестіктері болатындай жағдай жасау керек.

– Негізінен мал шаруашылығының қыр-сырын жақсы білетіндіктеріне көңіл бөлу керек шығар?

– Оны да ескеру қажет болар. Бірақ қазақтың мандайына тек мал бағу ғана жазылып қоймаған

шығар. Осы ретте, Түркиядағы қазақтардың бір тілегі ойға оралады. Ыстамбұлда, Анкарада, Парижде тұратын қазақтар, біле-білсек, кәсіптің адамдары. Батыс өнеркәсібінің мектебінен өткендер. Дайын менеджерлер! Ал оларға «Ата-мекеніне келсең колхоз-совхоздан жұмыс тауып береміз» деу қисынсыз. Олар айтады: «Алматының шетінен бір көше беріңдер. Үйлер салайық. Кәсіпорындар ашайық. Сыртқы экономикалық байланыстарға дәнекер болайық. Қазақстан экономикасын көтеру үшін жұмыс жүргізейік». Меніңше, осы тілекке құлақ асуға болады.

– Араға 28 жыл салып, өзіңіз туып-өскен Тарбағатай өлкесіне, Үрімжі қаласына барып-қайтқаныңызды білеміз...

– Иә, бұл менің ұзақ күткен сапарым... Тарбағатайдың күнгейін екі ай бойы аралап, жадымда суреті өше бастаған өткен өмірдің жәдігерлерін іздедім. Бұл ұзақ әңгіме... Жалпы, қазақ халқы социалистік өмірдің советтік, қытайлық, монғолдық – үш бірдей үлгісін де көрді ғой. Үшеуінен де шекесі қызғаны шамалы. Бір байқағаным, Қытайда соңғы онжылдықтағы экономикалық реформаның он әсері бар екен. Ауыл шаруашылығы жекеменшікке ерте көшті. Игілігін көре бастапты. Ондай жағдайда үгіт-насихаттың да қарағай болмай қалатын сияқты. Экономикасын түзеп, еңсе көтеру жағдайы көзге шалынады. Бірақ сұрақтан сырт қалу, базардан үркендеу ол жақтағы қазақтардың да бойынан байқалады. Атамекенге қосылу – ежелгі армандары. Жерімізбен қосылсақ дейтін үміттері үзілді. Енді біртіндеп көшуді аңсайды. Олар келсе – жақсы малшылар, нағыз дикандар келер еді. Қазақ тілінің қаймағын бұзбай сақтап отырған ұйытқы да солар. Қысқасы, екі елдің арасы жақсара түсуін ғана құптайды, Қазақстанға келуге құштар.

– Сіз соңғы кезде Қабанбай батырдың өмірінен роман жазып жатыр деп естиміз. Қашан бітіресіз? Қашан жарық көрмек?

– XVIII ғасырдағы қазақ ордасы Абылай ханның айнала-сындағы адамдар, оқиғалар туралы тарихи деректерді бұрыннан жинап жүретінмін. Соның негізінде «Қаракерей Қабанбай» атты роман жазу үстіндемін. Батырдың тойына үлгерсем деп асыққан жоқпын. Жауапты тақырып. Жалпы XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар арасындағы соғыстар, Ақтабан шұбырындыға ұшырау, ата мекенді қан төгіп қорғау т.б. туралы І.Есенберлиннің, Ә.Әлімжановтың, Ә.Кекілбаевтың, С.Сматаевтың тарихи романдары жарық көргені белгілі. Қазір тарихқа жаңа көзқарас қалыптасуда. Сондықтан бұл тақырыпқа өзгеше қырынан келсем деймін. Мәселен, бұған дейін XVIII ғасырдағы ең негізгі оқиға Қазақстанның Россияға қосылуы деп қаралды да, басқа тарихи оқиғалар ылғи екінші орынға шегерілді, көлеңкеде қалып отырды. Сол кезеңдегі хан, сұлтан, билерге баға бергенде біз күні бүгінге дейін бір ғана өлшеммен қарадық: қазақтардың Россияға қосылуын құптағандар және құптамағандар деп екіге бөліп тастадық. Әбілқайырдың төңірегінен табылғандар көреген, ақылды, халық қамқоры деп есептелді де, келісім-шартқа қол қоймағандарды керішартқа, болашағын болжай алмағандар деп қарандық. Содан, Әбілқайыр сол ғасырдағы басты тұлға деп есептелді. Ал шынтуайтына келгенде, Әбілқайыр – трагедиялық тұлға. Күні кешеге дейін Абылай, Қабанбай, Барак сұлтанға тарихшылардың қырын қарауының себебі осыдан. Абылай 1740 жылы Әбілмәмбетке ілесіп, Россиямен жауласпай, Ратуша сарайына қарым-қатынас жасаймыз деп Ор бекінісіне бір-ақ рет барған екен. Бір-ақ рет! Керек десеніз, өзін хан етіп бекіткен патша грамотасы мен сыйға тартқан қылышы да өзі барып алмаған, әкеліп тапсырған. Қабанбай да сол секілді. Оны төңіректеген елшілер аз болмаған. Бірақ ол

ешкімнің алдында ант беріп, бодан боламын деп құран ұстамаған. «Менің міндетім – елімді бодандыққа беру» деген мұратпен өмір сүрген. Өмірінің қырық жылын үздіксіз елін қорғап, кескілескен ұрыс үстінде өткізген жалғыз батыр – Қабанбай! Қазақ жерінің шекарасын сақтап, қазіргі Жетісуды, Жамбыл, Шымкент, Шығыс Қазақстан, Семей өңірлерін жаудан тазартуда Абылайдың сыртқы саясат иесі Қабанбай туралы романымың орта тұсына келдім. Бітірген соң, көп ұзамай жарық көріп қалар...

– «Қабанбайдың зираты қай жерде?» деген сауал төңірегінде әртүрлі болжамдар бой көрсете бастады. Тарбағатай жерінде, Ақмолада, Талдықорғанда – бірнеше зират Қабанбайдікі деп аталуда. Қайсысы дұрыс?

– Қабанбайдың денесін Сарыбел деген жерге қойған. Ал ондай жер атауы Тарбағатайда, Жоңғар Алатауында, Барлық тауда, яғни, бірнеше жерде кездеседі. Жалпы бұрынғы кезде сүйегі Түркістанға қойылмаған атақты адамдардың зираты дабыраламайтын болған. Бөгенбайдың өзін алты айдан кейін Түркістанға апарып ғойған. Меніңше, Қабанбайдың сүйегі өзінің туған жерінде – Тарбағатайда не Жоңғар Алатауында жатыр. Ақмолада деу қисынға келмейді...

– Ана тіліміздің бүгінгі мен болашағы туралы не ойлайсыз?

– Біраз шаруа қолға алынууда ғой. Қатақша тәрбиеленуді, оқытатын балабақшаларды, мектептерді көбейту керек. Аралас мектеп дейтіндердің мүлде қажеті жоқ. «Су басынан тұнады» дейтін мақал бар. Жұртшылық ең алдымен Жоғарғы Сотке қарайды. Парламентіміз қазақша сөйлесеміз – бәрі бекер. Түңілу осыдан басталады. Әсіресе Парламенттегі шалақазақтар қатты ойланса деймін...

– «Тағдыр» романыңызда атақты Әсет туралы да деректер бар. Ол жөнінде жеке туынды жазу ойыңызда болды ма?

– Әсетке түбі бір оралатын шығармын. Алдымен бастаған істі бітірген жөн.

– Шығармашылық жолыңызды өлеңмен бастаған екенсіз. 1967 жылы шыққан тұңғыш кітабыңыз «Жас дәурен» – жыр жинағы. Қазір де кейде өлең жазасыз ба? Шығармашылық дағдыңыз жөнінде не айтасыз?

– Жеке бір ғана жаныңды жалынан ұстағанды жөн көремін. Реалистік прозаның жолы ауыр. Тарихи тақырыптар өте көп материал жинауды қажет етеді. Сарыла іздену керек. Негізгі материалдарды басымда пісіріп алмай, үстелге отырмаймын. Бап талғаймын. Бапсыз жазатындарға өз басым сенбеймін. Еш нәрсеге алаңдамай, біржола берілгенді қалаймын. «Тағдырды» жазған кезде екі жыл бойы Жазушылар одағының Шығармашылық үйін қыстадым. Ешқайда шыққан жоқпын. Үзбей, бас алмай, үдемелі жазуды дағдыға айналдырғанмын. Кеңсе жұмыстарын қойғаным он жыл болды. Бұрын күндіз кеңсе жұмыстарын бітіріп, кешке балашаға ұйықтағаннан кейін қаламызды қолыма алатынмын. Қазір шау тарта келе негізінен күндіз жазуға көштім. Уақыттан ұтылмау керек. Кейде, қас қағым сәттің өзі қымбат!

– Әңгімеңізге рахмет!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ.



Важно, что акцент сделан именно на отсутствии разногласий. В классической дипломатии подобные формулировки используются редко и сигнализируют о высокой степени синхронизации позиций. Казахстан и Узбекистан сегодня демонстрируют модель «координированного лидерства» в регионе: без конкуренции за доминирование, но с чётким разделением ролей и взаимным усилением. Это особенно значимо на фоне глобальной турбулентности, где устойчивые региональные связи становятся ключевым фактором безопасности и экономического роста.

При этом роль самого Токаева в этой конфигурации заслуживает отдельного анализа. Его политический стиль — это сочетание институционализма, дипломатической сдержанности и стратегической последовательности. В отличие от более персоналистских моделей управления, Токаев делает ставку на предсказуемость и укрепление государственных институтов, что повышает доверие к Казахстану как к партнёру. Его опыт работы в Организации Объединённых Наций и многолетняя дипломатическая карьера формируют особый тип внешнеполитического поведения — аккуратный, многовекторный, но при этом всё более ориентированный на региональную консолидацию.

Отдельного внимания заслуживает упоминание Бухары. Бухара в данном контексте — не просто культурный символ, а элемент «мягкой силы» и исторической легитимации современного партнёрства. Лидеры Казахстана и Узбекистана также посетили в Узбекистане комплекс «Пои-Калян», состоящем из трёх сооружений XII–XVI веков: минарета Калян, мечети Калян и медресе Мири Араб.

Необходимо отметить, что Бухара на протяжении веков являлась одним из ключевых духовно-образовательных центров региона. В стенах местных медресе получали знания Машхур Жусуп Копеев,

КАЗАХСТАН И УЗБЕКИСТАН: «ОСЬ СТАБИЛЬНОСТИ» В ЦА

Визит 11 апреля Касым-Жомарта Токаева в Узбекистан и его неформальная встреча с Шавкатом Мирзиёевым — это не просто дипломатический жест, а индикатор качественно нового этапа региональной политики в Центральной Азии.



Нуржан Наушабаев, Шортанбай Канайулы и другие выдающиеся представители казахской интеллигенции, чьи имена вписаны в общую историю народов Казахстана и Узбекистана.

Главам государств показали музей-келью Машхура Жусупа Копеева. Президенты также осмотрели выставку, посвященную казахским деятелям, обучавшимся и проживавшим в Бухаре.

Апелляция к фигурам вроде Машхура Жусупа подчёркивает глубину гуманитарных связей, формируя общий исторический нарратив. Это особенно важно в условиях, когда страны региона стремятся выстраивать идентичность не через противопоставление, а через общую цивилизационную основу.

Примечательно и то, что речь идёт уже не просто о стратегическом партнёрстве, а о союзниче-

стве. В региональной практике это означает переход от деклараций к институционализации: синхронизацию экономических реформ,

развитие транспортно-логистических коридоров, координацию водно-энергетической политики и, что не менее важно, согласо-



вание позиций на международных площадках. По сути, формируется «ось стабильности» в Центральной Азии, вокруг которой могут выстраиваться и другие форматы сотрудничества.

Отдельный сигнал — публичная поддержка реформ, проводимых Мирзиёевым. Это не только акт политической солидарности, но и элемент взаимной легитимации реформаторских курсов двух стран. В условиях, когда обе экономики проходят этап структурной трансформации, подобная поддержка снижает внутренние и внешние риски, укрепляя доверие инвесторов и международных партнёров.

Характерно и то, что сам Токаев последовательно выстраивает образ Казахстана как «срединной державы» — не только географически, но и политически. Его подход заключается в том, чтобы избежать жёсткой привязки к одному центру силы, одновременно усиливая региональные связи. В этом смысле сближение с Узбекистаном — не ситуативный шаг, а часть долгосрочной стратегии по формированию устойчивого и самодостаточного центральноазиатского пространства.

Наконец, упоминание поздравления с новой Конституцией Казахстана показывает уровень политической чувствительности и скорости реакции между лидерами. Это свидетельствует о плотном канале коммуникации, который выходит за рамки протокольных контактов и приближается к формату постоянного диалога.

В целом, визит можно рассматривать как подтверждение того, что Казахстан и Узбекистан переходят от модели «добрососедства» к модели «сопряжённого развития», где ключевым ресурсом становится не только экономика, но и доверие, историческая общность и согласованное политическое видение будущего региона.

Ислам КУРАЕВ

ЗВУКИ БУХАРЫ: ДЫХАНИЕ ДРЕВНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВНЫ СОВРЕМЕННОСТИ

Президенты Казахстана и Узбекистана встретились в Бухаре, куда Касым-Жомарт Токаев прибыл 11 апреля с рабочим визитом. В аэропорту одного из древнейших поселений мира высокого гостя встретил Шавкат Мирзиёев. На торжественной церемонии встречи в честь главы Казахстана были исполнены национальные песни и танцы.

Городом-сказкой называют Бухару, которой более 2500 лет. Её архитектурное наследие является мировым культурным достоянием, а исторический центр был внесен в список всемирного наследия ЮНЕСКО и признан примером хорошо сохранившегося средневекового города в Центральной Азии.

Находясь на Великом шелковом пути, Бухара способствовала взаимопроникновению и развитию взаимоотношений разных народов. Считаясь обителью славы, город был местом собрания виднейших людей. Всё это глубоко символично и сегодня, когда на фоне уникальных памятников седой старины Токаев подчеркнул, что исторически сложившиеся тесные связи служат незыблемым фундаментом подлинного стратегического партнёрства и союзничества Казахстана и Узбекистана.



Было заявлено, что переговоры двух лидеров закрепили переход двусторонних отношений на качественно новый уровень. Встреча, начавшаяся с поздравлений в адрес Токаева по случаю успешного референдума о принятии новой Конституции, перешла в формат предметного диалога. Стороны подтвердили эффективность неформального общения в регионах, как практики, позволяющей принимать оперативные решения для различных задач, способствующей открытому и конструктивному обсуждению актуальных вопросов двусторонней и региональной повестки.

На мероприятии главы государств отметили практическую реализацию договоренностей, достигнутых в ходе визита пре-

зидента Казахстана в Узбекистан в ноябре прошлого года. Кроме того, активизировались контакты на всех уровнях, включая межправительственное и межпарламентское взаимодействие.

В свете текущего товарооборота, составившего в прошлом году \$5 млрд, президенты обозначили следующую цель - достижение планки в \$10 млрд. Основой для роста должны стать новые кооперационные проекты в химической промышленности, геологии, энергетике, автомобилестроения, производстве стройматериалов, развитии инфраструктуры и логистики.

Особое внимание стороны уделили транспортной независимости Центральной Азии, отметив необходимость реализации



совместных мер по модернизации пограничной инфраструктуры. Это позволит создать сквозные коридоры, открывающие продукции обеих стран кратчайшие пути на внешние рынки.

Таким образом Казахстан и Узбекистан намерены получить больше преференций от расширения сотрудничества, имея значительный потенциал политических, экономических и культурно-гуманитарных связей, что будет способствовать стабильному развитию государств и укреплению безопасности в регионе.

По итогам переговоров президенты условились принять Дорожную карту между правительствами двух стран по дальнейшему развитию торгово-экономического сотрудничества.

Мирзиёев заявил, что узбекский народ как самый близкий сосед и союзник всегда искренне радуется эффективным реформам Токаева по построению Справедливого Казахстана. «Отдельно хотел бы подчеркнуть глубину вашего подхода к вопросам экономической трансформации, - сказал он. - Для меня важно, что связка реформ, инвестиций и устойчивого развития является целью стратегией, а не набором отдельных инициатив. Мы высоко ценим ваши усилия в укреплении отношений добрососедства, стратегического партнёрства и союзничества между нашими братскими народами».

Эдуард ПОЛЕТАЕВ

Почему люди тянутся к звездам?

К сожалению, в силу многих причин народный писатель Казахстана не смог присутствовать на юбилейном мероприятии, но участники встречи увидели его молодого на экране — в ленте, где он обращался к залу с вопросами, которые 65 лет назад задал всему человечеству: «Разгадай: Почему люди тянутся к звездам? Почему в наших песнях герой — это сокол? Почему все прекрасное, Что он создал, Человек, помолчав, Называет — Высоким?»

Гуманист, мыслитель, интернационалист Олжас Сулейменов и сегодня делает все, чтобы все мы наконец осознали свою человеческую общность, чтобы поняли: «Нет Востока, И Запада нет, Есть восход и закат, Есть большое слово — ЗЕМЛЯ!»

Не случайно его имя стало знаковым не только в Казахстане. Олжас Сулейменов — гражданин мира. Как и все неординарные личности, он отличается многогранностью талантов.

Олжас Сулейменов — не только великолепный поэт, стихами которого когда-то зачитывалась вся страна, но и глубокий философ, тонкий знаток Востока, первым по-новому прочитавший «Слово о полку Игореве», соединив в нем Древнюю Русь и Великую степь придуманной им формулой «Аз и Я».

— Я вспоминаю, как пять лет назад, когда мы отмечали 85-летие Олжаса, Евразийский фонд культуры учредил премию «Ұлт игілігі — Национальное Достояние», и первым лауреатом этой премии был провозглашен Олжас Омарович Сулейменов. Тогда ректор Российского университета дружбы народов академик Владимир Филиппов очень точно сказал, что «Олжас — это



ПРИБЛИЖАЮЩИЙ БУДУЩЕЕ

10 апреля в Алматы состоялась литературная выставка, приуроченная к 90-летию Олжаса Сулейменова, — об этом в статье в «Казахстанской правде».

эстетический космос». А еще я хочу вспомнить слова Евгения Евтушенко: «Все люди относятся или к приближающему, или к отдаляющему будущему, Олжас Сулейменов — из приближающих его». Олжас Сулейменов сформулировал замечательный тезис: от веков зависимости через периоды независимости к эпохе осознанной взаимозависимости. И пока эта его гениальная фраза не войдет в поведенческий, а затем и в генетический код всех народов, человечество не будет единым, — подчеркнул президент Евразийского фонда культуры Ерулан Канапьянов.

Книга поэм

В рамках творческой встречи прошла презентация новой книги Олжаса Сулейменова, с которой



присутствующих познакомил доктор философии, заместитель директора Центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО Игорь Крупко.

— Эта «Книга поэм» — особенная, в ней собраны поэмы, которые в разные годы написал

и опубликовал Олжас Омарович. Она открывается знаменитой поэмой «Земля, поклонись человеку!», и дальше начинается, я бы сказал, своего рода путешествие мысли и души — от яркой поэтической вспышки до глубин презрения, загадок и тайн человеческого бытия, — отметил он.

Предисловие к «Книге поэм» принадлежит Мурату Ауэзову: «Олжас Сулейменов — фигура масштаба тысячелетий. Я убежден, что и прошедшие века, и вся мировая классика с радостью приняли бы его в свой круг, так же как и будущие времена. И поэтому давайте спокойно и честно скажем: мы имеем дело с творцом вечных ценностей».

Книга уникальна и тем, что в ней увидела свет ранее не публиковавшаяся поэма «История знака коровы». Несколько лет назад

ее обнаружили в архиве кинофотодокументов, потому что данное произведение было написано для экранизации. В 1968 году вышел документальный фильм «История знака коровы» по сценарию Олжаса Сулейменова.

«Людам я не лгал...»

Участникам встречи был показан также документальный фильм об Олжасе Сулейменове режиссера Игоря Гонопольского «Людам я не лгал...»

— Для меня Олжас Сулейменов — это и моя жизнь, моя молодость, ведь она прошла рядом с ним, когда мы много встречались, в том числе в Союзе писателей, в знаменитом кафе «Каламгер», много говорили, спорили... Это было бурлящее время, когда мы влюблялись, бузили, мечтали о будущем, — заметил Игорь Гонопольский. — Олжас тогда был в самой силе — красавец, молодой, яркий, необыкновенно талантливый, он никогда ни перед кем не гнулся. Да и потом, в разные годы, у нас было много встреч, в том числе в Израиле, куда он приезжал.

Во время работы над фильмом мне повезло, ибо в Центральном госархиве кинофотодокументов и звукозаписей РК оказалось много материалов о нем. Их я отбирал, исходя из фразы поэта: «Людам я не лгал...» Ведь вы только представьте: как можно было с помощью народного протестного движения остановить ядерные испытания, выступить против военно-промышленного комплекса целой страны! Это казалось чудом, но он это сделал! И вполне справедливо, что Олжас Сулейменов был выдвинут претендентом на Нобелевскую премию мира.

Елена БРУСИЛОВСКАЯ

В Национальной библиотеке в Алматы на днях было многолюдно — здесь открылась выставка «Ұлт Игілігі — Национальное Достояние» и состоялась презентация новой книги поэм Олжаса Сулейменова. Алматыцы пришли сюда как на встречу с живым эпохой. Подробности — в материале Exclusive.kz.

К алмазу грязь не пристает

Его жизненный принцип «Возвысить степь, не унижая горы...» здесь ощущается не как красивая цитата, а как нерв всей экспозиции. С 1960-х годов его тексты и идеи не просто звучали — они формировали новую оптику: возвращали казахам и другим тюркским народам чувство исторической субъектности, достоинства, права говорить с миром на равных.

Выставка развернулась как тщательно выстроенный рассказ. Отдельный стенд — детство и юность. Рядом — пожелтевшие газеты и журналы, собранные с 1960 по 2025 год, где Сулейменов ведет диалог со временем: интервью, статьи, полемика. Читаешь — и видишь, как меняется страна, но не меняется масштаб личности.

Особое притяжение — у ритетов. Первое издание книги «Арғамақи», виниловая пластинка 1981 года, где поэт сам читает свои стихотворения. И, конечно, «Аз и Я» — книга, которая когда-то буквально встряхнула интеллектуальное пространство. На полках — разные издания, годы, страны, тиражи.

ЕГО ОБВИНЯЛИ, ЗАПРЕЩАЛИ, КРИТИКОВАЛИ:

как Олжас Сулейменов остался голосом эпохи



Отдельный стенд посвящен международному антиядерному движению «Невада — Семей». В 1989 году оно объединило казахстанское общество и стало точкой отсчета для морального и физического оздоровления страны после десятилетий ядерных испытаний.

«Это первое из цикла мероприятий к 90-летию поэта. Мы хотим, чтобы доступ к нему был у каждого», — говорит президент

Евразийского фонда культуры, советник поэта Ерулан Канапьянов.

О Сулейменове в этот день говорили много, и каждый находил свой точный образ. Ректор Российского университета дружбы народов академик Владимир Филиппов назвал его «эстетическим космосом». Евгений Евтушенко однажды сказал: «Все люди относятся к приближающим или

отдаляющим будущее. Олжас Сулейменов — из приближающих его». А азербайджанский композитор и поэт Полад Бюльбюль оглы высказался о нашем поэте так: «Один в поле не воин. А он был один и был тем самым воином, который встал на защиту справедливости».

В 1987 году в газете «Правда» после декабрьских событий вышла статья, обвиняющая Олжаса Сулейменова в национализме. Тогда состоялась творческая встреча Юлиана Семенова в Москве, где его спросили, что он об этом думает. Семенов ответил: «Во-первых, я эту газету не читаю, а во-вторых, Олжас — это алмаз, а к алмазу грязь не пристает».

За 11 лет через благотворительные программы было направлено более 240 миллионов долларов — на поддержку детей с аутизмом, экологические и образовательные проекты, развитие социальной инфраструктуры.

— Олжас Омарович — личность национального масштаба, чье творчество, научные труды и гражданская позиция оказали огромное влияние на формирование духовного и интеллектуального облика современного Казахстана. *Нынешняя выставка является предшественником большого мероприятия, которое ожидается 26 мая, — форума, посвященного юбилею поэта. Уважение к таким людям — это вклад в будущее, воспитание молодежи и укрепление национального самосознания, — подчеркнула финансовый директор фонда Болат Утемураева Гульмира Мурзулинова.*

Но, пожалуй, главным со-

бытием вечера стала презентация новой книги поэм. О ней рассказал доктор философии, заместитель директора Центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО Игорь Крупко.

— Эта книга поэм — особенная. В ней собраны не все поэмы, которые в разные годы создавал и публиковал автор, а только избранные. Сборник начинается с поэмы «Земля, поклонись человеку». Далее мы проследим своеобразие путешествия человеческой мысли и души — от яркой вспышки к прозрениям, загадкам и тайнам человеческого бытия в «Глиняной книге». Проследивается эмоциональное развитие от поэмы к поэме. Книга уникальна и тем, что в ней включена ранее не публиковавшаяся поэма «История знака коровы». Несколько лет назад мы приобрели её в архиве кинофотодокументов. Это произведение изначально было написано для экранизации. В 1968 году вышел одноименный фильм, который вошёл в культурное и научное пространство нашей страны, — сказал Крупко.

Интересно, что всего за неделю до этого события Олжас Сулейменов дал большое интервью телеканалу Euronews. В этой беседе он сказал о том, что сейчас для него значат слова «Земля, поклонись человеку». Это значит — поклонись любому живому существу, простому растению, каждому животному, не уничтожай, взрасти... Это главный посыл великого поэта человечеству.

Анна ЯМПОЛЬСКАЯ

**ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЕЛ
ЖАДЫНАН ӨШПЕЙДІ**

Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын қастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын қалың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті

**ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ БІР
ДӘУІРІМЕН ҚОШТАСТЫҚ**

**Күрметті Қасым-Жомарт
Кемелұлы!**
Қадірлі қазақ ағайындар!

Қазақ халқының ұлы перзенті, Қырғыз елінің халық ақыны, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Қырғызстандағы тұңғыш елшісі, Шыңғыс Айтматовтың және бүкіл қырғыз халқының досы Мұхтар Шахановтың дүниеден өткені туралы суық хабарды аса ауыр қабылдадым.

Мұхтар аға бауырлас қазақ халқының ғана емес, көп миллионды қырғыз халқының да рухани тірегі, ақылшы ағасы еді. Бүгінде қырғыз жұртшылығы тағы бір асқар тауынан, тағы бір рухани тірегінен айырылып, жүрегі қан жылап тұрғандай күй кешуде. Халықта мұндай ұлы тұлғалар туралы: «Оның кетуімен тұтас бір дәуір кетті» дейді. Шынында да, Мұхтар ағаның өмірден өтуімен бүкіл түркі әлемінен бір дәуір кеткендей болды.

Қазақ бабаларының еркіндік сүйіш, әділеттілік жолында ештеңенен тайынбайтын рухын бойына сіңірген Мұхтар аға кеңес дәуірінде де, кейінгі жылдары да Отан тағдыры үшін шындықты тайсалмай айтып, жан аямай қызмет етті. Қудалауларға қарамастан, ол өз ұстанымынан бас тартпай, «Желтоқсан» оқиғасына қатысты батыл пікірін ашық білдіріп отырды.

Қазақ пен қырғыз халықтарына бірдей жақын оның ақындық әрі азаматтық үні тау мен даланың жаңғырығындай естілетін. Әсіресе, ұлы жазушы Шыңғыс Айтматовпен ағалы-інілі қарым-қатынасы екі халықтың бауырластығын нығайтуда өшпес із қалдырды.

Отанына адал осындай дарынды ұлынан айырылып отырған қаралы күні бауырлас қазақ халқына және ақынның туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамын.

Садыр ЖАПАРОВ,
Қырғыз Республикасының
Президенті

**ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ДҮР
СІЛКІНДІРГЕН АҚЫН**

Мұхтар Шаханов – саналы ғұмырын ұлттың рухын көтеруге, отаншылдықты дәріптеуге және жас ұрпақтың бойына дұрыс құндылықтарды сіңіруге арнаған бірегей тұлға. Оның жалынды жырлары мен өткір ойлары талай буынның дүниетанымына әсер етіп, ұлттық сананың жаңғыруына серпін бергені анық.



руханиятқа қосқан еңбегін жоғары бағалайды. Осыны ескеріп, бұдан бірнеше жыл бұрын Мұхтар Шахановты еліміздегі ең жоғары марапат – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттады.

Ұлттық рухтың алдаспанына айналған асыл тұлғаның жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталып, салған із, өшпес өнегесі жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ерлан ҚОШАНОВ,
ҚР Парламент Мәжілісінің
төрағасы

**АЛАШТЫҢ АР-НАМЫС
АЛДАСПАНЫ**

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды

**ЕҢ ҮЗДІК ӘЛЕМ
АҚЫНЫ**

Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті қаламгер ретінде әдеби жыр жинақтарымен әдебиет сүйер қауымның жүрегінде орын алды. Оның балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының жиырмадан астам тілдеріне аударылған. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Күз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» драмасы көптеген тілдерге аударылған. «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарды. «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» атты жинақтары орыс тілінде шықты. Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996), БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», түрік дүниесі жазушылар бір-

лестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері. 2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобельшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы марқұмның жақындары мен туыстарына, барша оқырман қауымға қайғырып көңіл айтады!

Қазақстан Жазушылар одағының Басқармасы

Қайраткер қаламгер Парламент депутаты бола жүріп, ел мүддесін бәрінен биік қойды. Халыққа адал қызмет етудің ерен үлгісін көрсетті. Оның азаматтық ұстанымы мен қайсар мінезі қашанда кейінгі толқынға өнеге болып қалады және жарқын бейнесі мен ел үшін атқарған еселі еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.

Мұхтар Шахановтың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Ағамыздың иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламент Сенатының
төрағасы

**ОРНЫ ТОЛМАЙТЫН ҰЛТ
ОҒЛАНЫ**

Ұлтына адал қызмет еткен біртуар тұлға, әйгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына және халқымызға орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын.

Бұл – ұлт руханияты үшін ауыр қайғы. Мұхтар Шаханұлы азаматтық үнімен, бірегей талантымен, рухты



шығармаларымен қазақ әдебиетіне, қоғамдық ойға зор сілкініс әкеліп, мол олжа салған айтулы ақын, тұғырлы тұлға еді. Тарих тереңінен бастау алған, ұлттық рухпен суарылған жалынды жырларын, жүрек қылын тербейтін әсерлі әндерін жұртшылық жылы қабылдап, жатқа айтты, ерекше ықылас білдірді.

Тіл мен діл, адалдық пен арнамыс, әділдік пен шындық, тарих пен тағлым секілді асыл құндылықтар негізгі өзегін құраған ақын туындылары – қазыналы қазақ әдебиетіне қосылған зор үлес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарымды қаламгердің шығармашылығын,

**ЕСІМІН ЕЛ ТАРИХЫНА
ЕРТЕДЕН-АҚ
ӨЗІ ЖАЗДЫ**

Мұхтар ағамыз – елдің алғысына, халықтың құрметіне бөленген тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың да оған деген ықыласы ерекше. Ұлттық құрылтайдың Ұлытауда өткен алғашқы отырысында Президент қайраткерге еліміздің ең жоғары марапаты – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын тапсырған болатын. Бұл көпшілік асыға күткен әрі айрықша қабылдаған елеулі оқиға болды.

Мұхтар Шаханов көзі тірісінде-ақ есімін ел тарихына алтын әріптермен жазды. Әрдайым мемлекет мүддесіне жұмыс істеді. Қайраткерлігімен қоғамды алға жетеледі. Мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін тынбай күресті. Ал шығармашылық еңбегі руханиятымызға қосылған асыл қазына екені даусыз.

Мұхтар ағамызбен бірге тұтас бір дәуір көшкендей күй кешіп отырмыз. Ардақты ағамыздың жақындарына, барша отандас тарға ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын. Қадірлі ағаның иманы саламат болсын.

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі

**СЫН САФАТТАРДА ЕРЛІК
ӨНЕГЕСІН КӨРСЕТТІ**

Барша Қазақ еліне, ағамыздың әулеті мен ағайын-бауырларына қайғыра көңіл айтамын.

Мұхтар Шаханов шоқтығы биік шығармалары арқылы көзі тірісінде-ақ күллі халықтың ыстық ықыласына бөленіп, алты алаштын ардақтысына айналған біртуар азамат еді.

Ол ұлт тағдыры сынға түскен елдік істерде азаматтық ұстанымынан таймай, елжандылық пен парасаттылықтың озық үлгісін жасады.

Қаламгердің өлең әлеміне өрісті өрнек, жаңаша тыныс әкелген тағылымы мол туындылары руханиятымыздың құнды қазынасы болып қала берері анық.

Мұхтар ағамыздың отты да ойлы өлеңдері, қайсар мінезі, әділет жолындағы табандылығы мен елдік мүдде алдындағы адалдығы жұрт жадында мәңгі сақталады.

Ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын! Рухы пейіште шалқысын! Алла тағала ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

Қош болыңыз, ұлтымыздың ұлы перзенті!

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Премьер-министрінің
орынбасары – Мәдениет және
ақпарат министрі

**ЖҮРЕГІ ХАЛҚЫМ
ДЕП СОҚҚАН
РУХ ИЕСІ**

Мұхтар ағамыз – қазақ әдебиеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосқан заңғар тұлға еді. Оның шығармашылығы ұлттық сөз өнерінің көкжиегін кеңейтіп, терең мазмұны және биік азаматтық ұстанымымен ерекшеленді. Ақын еңбектері әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, қазақ руханиятын халықаралық деңгейде танытты. Ол саналы ғұмырын ұлт мүддесіне, әділет пен ақиқат жолына арнап, қайсар мінезі мен биік рухының арқасында халық жадында мәңгі сақталатын өнегелі із қалдырды. Орны толмас қайғыларыңызға ортақпын, марқұмның иманы саламат, жаны жәннаттан болсын. Алла Тағала баршаңызға сабыр берсін!

Саясат НҮРБЕК,
ҚР Ғылым және жоғары білім
министрі

ОНЫҢ ЕКІНШІ
ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ

Ол өзі ешкімге ұқсамайтын ақын еді. Шайырлықты көбіне туған жерді, табиғатты, өсіп-өнген өлкені жырлаудан бастайтын деп көп қой. Бұл бірден философиялық өлеңге кірісті. Аңыз-әпсаналарды, басқа да оқиғаларды өршіл рухты оқиғаларға пайдаланды. Сондықтан сәтті сюжеттік өлең жасап, оны асқақ оймен тұжырымдау – бұған өте-мөте тән мәнер болды. Төменде өтіп жатқан жағдайларға шырқау биіктен қарап, ой түйе екінің біріне бұйыра бермейтін мінез. Халықтың ішіндегі жәйттерді жақыннан байқау бір бөлек те, жоғарыдан қараудағы көрініс мүлде өзгеше емес пе.

Екінші қасиеті – трибунаның ақыны. Мысалы, Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский сынды өз өлеңдерін шаршы топтың алдында жатқа оқыған орыс ақындарын білуші едік. Қазақ ақындарының арасында халықты жалт қаратып мінберден саңқылдап, бірден баурап алатын қасиет Мұхтарға тән еді. Бұл да бір айрықша құбылыс қой. Әсіресе, оның «Өркениеттің адасуы» поэмасын Шыңғыс Айтматовтың: «Мынандай терең толғаныспен жазылған романды ешкімнен кездестірген жоқпын!» деп бағалағаны есімде.

Мұхтардың артында мол мұра қалды. Өзінің алмаған сыйлығы да жоқ білем. Нобель сыйлығынан басқанын бәрін алды. Шығармасы әлемнің отызға тарта тіліне аударылған.

Мұхтарды өлді деуге сыймайды. Оның екінші ғұмыры басталды. Оның мұндағы дүркіреген атак-даңқы мәні жағынан біріншісінен ешбір кем болмасы анық.

Төлен ӘБДІК,
Қазақстанның Халық жазушысы.

ЖҰРТТЫҢ ЖҮРЕГІНЕ
ЖЕРЛЕНГЕН БАҚЫТТЫ
ЖАН

Бүкіл ғұмырын халқына сарп еткен Мұхтар Шаханов та өтті өмірден. Ол ұлт үшін ұлы күрес үлгісін көрсетті. Оның бүкіл болмысы ұлттың жанайқайы еді. Ұлттың жанайқайы болып өмірден өтті. Ұлттың жанайқайы болып жанды. Өртенді. Өлмей тұрып жұрттың жүрегіне жерленген неткен бақытты едің, Мұқа! Өзің барда еліне қызмет еттің, енді өзін жокта елің өзіне қызмет етпей! Алла алдыннан жарылқап, жаның жәннат төрінде шалқығай!

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы



Қазыбек ИСА:

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ ТУҒАН ЖЕР ТӨСІНЕ ОРАЛДЫ

Мұханның басты аманаты – Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды біз орындаймыз деп семсер ақынның басында серт етеміз!

Ұлт мүддесін қорғаудағы Ұлы көшті бастаған қаранар аяғының астында шәуілдеп жатқан кәндерге бұрылып та қараған жоқ...

Дүниеден Қазақтың ұлы ақыны, біртуар тұлғасы Мұқтар Шаханұлы да өтті...

Мұзбалақ Мұқанмен бірге дүбірлеген тұтас бір дәуір көшіп барды!..

Иә, өмір бойы ақиқат үшін айқасып, шындық үшін күресіп, жалғандықты әшкерелеп өткен ақиық ақын өмірден өтуімен бұл фәни дүниенің шын жалған екенін көрсетіп кетті...

Алыптардың соңғы тұяғы өмірден өтіп барды...

Біз ХХ ғасырдың аңызға да, абызға да айналған алып ақынымен бір дәуірде өмір сүру бақытына ие болып қалдық...

Бізде ақындардың барлығы қайтыс болғасын ғана құрметке бөленіп жатады. Абай да, Мағжан да, Қасым да, Мұқағали мен Төлеген де солай болды. Ал Қазақ даласында мұзбалақ Мұқтар ақынның көзі тірісінде халықтың ыстық ықыласына бөленіп, даңқ биігінде дүрілдеген ақын болған жоқ!

Ақын батыр болуы, Батыр Ақын болуы керектігін,

Ер Махамбеттен кейін айқын дәлелдеген ақын Мұқтар Шаханұлы.

Сондықтан да Мұқан рухтас Махабетті ұстаз тұтты, пір санады.

Жетпіс жыл желтімеген Кеңес империясының керегесін алғаш бұзған Желтоқсанның дауылы дауылпаз ақын дауысымен Кремльдің қабырғасын шайқап жіберді. Бұл дүбірі дүниежүзіне жеткен сөзсіз көзсіз ерлік еді...

Мен осыдан бес жыл бұрын парламентке бара салып, Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығында Мұқанмен Кеңес одағы кезіндегі талабы біздің Тәуелсіз елімізде қашан орындалатынын сұрап, мәселе көтердім.

Биыл Желтоқсанның 40 жылдығы! Желтоқсан жалауын көтерген дауылпаз ақынымыз өмірден өтіп барды?!.

Мемлекеттік тіл екеу болып дауыс беріліп қойғанда, мінбеге



атып шығып, Екінші Желтоқсан болады деп, қайта дауыс бергізіп, Қазақ тілін мемлекеттік тіл еткен Мұқтар Шаханұлы.

Ал мен осыдан бес жыл бұрын парламентке бара салып, Мұқан салған күрес жолымен Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесін көтеріп келе жатқаным елге белгілі.

Мұқан туа бітті ер, намыскер қаһарман!

Бір мысал келтірейін.

Мұқан Кеңес одағы кезінде делегациямен Испанияға барғанда, Барселона стадионындағы бұқа сайысын көреді.

Мұндай сайыстар бұқамен айқасушының өлімімен аяқталып жатуы өте жиі болады. Осыны ескертіп айтқан сайыс жүргізушісі бір кезде: «Стадионда қонақтар ішінен бұқамен сайысатын батылдар бар ма? Қане, кім шығады?» - дейді.

Әлемнің көп елінен келген жүз мыңға жуық адам толып отырған стадионда тырс еткен үн жоқ, бір адам шықпайды. Сол кезде бір әйел «біздің арамдыда еркек жоқ екен ғой» деп күледі! Мұндайға шыдап отыратын Мұқан ба, атып тұрып, стадионға бір-ақ секіріп түскен ғой!.. Барып алғасын да, қайта қоймайды, қызылкөз дәу бұқаның алдында қызыл матаны көлбендетіп бұлап тұра қалады...

Қызметкерлер қатты риза болып, бұқаны өздеріне бұрып алып кетіп, Мұқанға рахмет айтып, қоршап, қошеметтеп стадионнан шығарып салады.

Менің бұл туралы өлеңім бар: *Ұлт мүддесі жолында сап әдемі із,*

Ұлтшылдардың көсемінің ұлтыменен жаны егіз.

Барселона алаңында бұқадан да бұқпап ең,

Өз еліңде мүйіздеп жүр санасы жоқ сан өгіз... - деген.

Стадионда бұқаның алдында тұрған сол фотосын Мұқан кітабына жариялады, астына менің осы бір шумағым жазылған.

Кейінгі кезде бағымызға біткен ақынның балағына жармасып, шәуілдеген көндер де шықты... Бірақ ұлттық мүддені қорғау жолындағы Ұлы көшті бастаған қаранар аяғының астында қынсылап жатқандарға бұрылып та қараған жоқ, жаншып өте шықты...

Аққа күйе жұқпайды! Күйе жаққысы келгендердің өздерінің қолдары мен беттерінде баттасқан қара күйе қалды.

Кеше халық екі адамды жерледі...

Қазақтың біртуар тұлғасы, ұлттың ұлы ақыны Мұқтар Шаханұлы халықтың шексіз ықылас, зор құрметінің қуатымен көкке ұшып кетсе, Серікжан Біләш сияқты қаза үстінде қарғыс айтып, Қазаққа жат жиіркенішті қылығымен Қазақ емес екені әшкере болып қалған Ұлттың жауы Халықтың қарғысы мен түкірігіне батып өлді...

«Жүйесіз қарғыс иесін табады» деген осы!

Ақиқат үшін айқасып өткен Мұқан өмірден өтіп бара жатып та, қазақтың жауын маскара етіп әшкерелеп кетті...

АҚЫННЫҢ АҚЫРҒЫ
АМАНАТЫ ОРЫНДАЛДЫ

Кеше ажарлы Алматы, асқар Алатау асқақ ақының қимай шығарып салды. Алматыдан киелі Отырарды бетке алып шыққан қаралы көш қасиетті Арыстан бапқа мандай тіреп тоқтады.

Мен қазақтың біраз ұлыларымен қоштасуда болдым. Ғабит Мүсірепов, Қонаев, Өзбекәлі, Шәмшілерді шығарып салуға қатыстым. Кешегі Мұқанмен қоштасқан Алматыдағы есепсіз қалың елді көріп, ел құрметіне тағы да куә болдық.

Атыраудан бір ақсақал жазыпты. «Мұқтар ақын менің ең сүйікті ақыным еді. Атыраудан қоштасуға бір делегация бара жатыр екен, мені де тізімге қосындаршы, зейнетақым бар, жолымды өзім көтеремін» - дейді.

Алматыдан шұбап шығып келе жатқан қаралы көшке қарап тұрған бір қыз: «Мұқтар атамды біздің Алматыдан алып кетіп барды. Әдемі көшке қарап тұрмын. Ақын мені танымайды ғой, бірақ мен жылап тұрмын» - деп жазады.

Біз Мұқан деген мұқым елдің мұндай шексіз ықыласын көріп отырып, Қазақ үшін күрескен айбынды Ақын мен Қазақты 30 жыл билеп-төстегендердің абыройларының арасы аспан мен жердей екеніне көз жеткіздік! Халық құрметін ешкім дүниемен, миллиардтармен сатып ала алмайтынына, Халық құрметі халық үшін қайрат көрсеткен перзентіне ғана жоғары болатынын көрдік. Уақыт бәрін өз орнына қояды деген осы болса керек.

Кіндік қанын кескен Отырардан төрт жасында кеткен бала Мұқтар 80 жылдан кейін дана Мұқтар болып еліне оралды! Әлемді мойындатып келген даңқты ұл енді туған жерден ешқайда кетпейді... осында мәңгілікке жаны жай таппақ.

Ой ордасы Отырар Адамзаттың ұлы ұстазы әл-Фарабиді елден аттандырып, ұзақ жыл күткен еді... Қазақ даласын аңсап өткен Ұлы бабамыз туған жеріне жете алмай, шет елде көз жұмдымың жылдан кейін топырағы келді... Ұлылардың мекенінен аттанған талай ұлы перзенттері туған өлкесіне қайтып оралуды жазбапты. Ал өмір бойы Отырарын жырлап өткен Ұлы ақын Ұлы Даласына қайтып оралды! Туған жерінің құшағына Мәңгілікке келді!

Біз бәріміз қазір осы тарихи оқиғаға куә болып тұрмыз. Бұл біздің бақытымыз!

Мұқан не жазса да, орындайтынын, өлеңі қандай болса, өмірі де сондай екенін осы ақырғы аманатымен де дәлелдеді!

Мұқанның төрткүл дүниеге белгілі «Төрт анасының» алды Туған жері еді, Жер анасының құшағына келді. Тал бесікке бөленген жері енді жер бесікке тербеліп жатуға келді...

Біз кеше Ақынның ақырғы аманатын орындап, өзінің кіндік қаны тамған киелі Отырар еліне, қасиетті Арыстан баб жеріне алып келдік. Аллаға сансыз шүкірлік айттымыз. Артынан Серікжан Сейітжан ағамыз секілді сенімді серке інілері бар екен, құдайға шүкір. Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтхан екеуі бастап, Мұқанның інілері біз, Әлімжан Құртай, Қазыбек Иса, Қалдыбек Құрманәлі, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев бауырымыз қостап, ақын денесін туған жерге алып келдік.

Дананың көңілі баладай таза боларын мен Мұқтар ағамның жанында жүріп білдім.

Қос ұлы Қуаныш пен Рауанның қазасы ақынды қатты қажытып кетті...

Өмір болғасын бәрі болады. Өмір күресінде қадірлі білмегендер үшін қабірдің басында біз кешірім сұраймыз...

Ақынның еліне деген ең басты аманаты қалды енді!

Ол қандай Аманат?!

Ақиқаттың алдаспан ақыны осыдан 14 жыл бұрын 70 жасқа толғанда да, осы Отырарда 80 жасын тойлағанда да мен «Ақ жолдың» Алаш арыстарына арналған Алтын медаліне кеудесіне тағып тұрып, айтып едім: «Қасиетті Қазақ тілін өзінің занды тұғырына нақты қондырмай, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдамай, Сіздің анау дүниеге аттануға қажыны жоқ!» деп едім... Алла ісіне амал жоқ!

Ақын ағамыз Тіл үшін, Ел үшін өмір бойы күресті.

Ақиық ақынның Алаш мүддесін ойлаған ең басты аманаты енді артында қалған ізбасар інілері біз орындаймыз деп семсер ақынның басында серт етеміз!!!

Біз сіздің Ұлы Аманатыңызды орындаймыз, Мұқтар Аға! Алла алдыңыздан жарылқап, артыңыз қайырлы болсын!

Туған жердің төсінде, жаныңыз жәннаттан жай тауып, Пейіште рухыңыз шалқи бергей!

Бақұл болыңыз, мұзбалақ Мұқтар Аға!

Қазыбек ИСА, ақын,
ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

Алматы - Түркістан-Отырар - Арыстан баб



19 апреля 2026 г. скончался выдающийся казахский поэт и общественный деятель — великий защитник национальных ценностей. Приносим глубокие соболезнования родным, близким, друзьям в связи с кончиной Мұхтара аға. Иманды болсын.

Мұхтар Шаханов по праву признан одной из ключевых фигур в защите национальных ценностей, языка и культуры. Его деятельность охватывала как литературу, так и активную общественную борьбу за идентичность народа.

Недаром Мұхтар аға был одним из главных критиков первоначального варианта «Доктрины национального единства Казахстана». Поэт даже был готов пожертвовать своим здоровьем: он и его сторонники — национал-патриоты — заявили о готовности объявить бессрочную голодовку 17 декабря 2009 г., если власти не изменят документ, который ущемлял права казахского языка и размывал понятие «казахская нация», предлагал концепцию «казахстанской нации» и ставил знак равенства между казахским народом и другими этносами, игнорируя государствообразующий статус казахов.

В результате Администрация президента пообещала учесть требования и приостановить обсуждение, и Мұхтар аға отложил акцию протеста. Позже, в апреле 2010 г., принятый доработанный вариант «Доктрины» был одобрен Шахановым, который заявил, что в него вошли требования национал-патриотов.

Творчество Мұхтара Шаханова и его гражданская позиция были направлены на сохранение казахского языка, национальной культуры, восстановление исторической памяти, национального кода и духовных ценностей народа.

Как народный писатель Казахстана и Кыргызстана, он был признан во всем тюркском мире как «голос совести» народа, призывающий к нравственному очищению и любви к Родине. Мұхтар аға вошел в историю как «голос народа», который не боялся говорить правду в самые сложные для страны периоды. Поэт активно продвигал идею о том, что народ без духовного богатства теряет свою основу.

Защита духовных корней видна во многих его произведениях. Например, в стихотворении «Төрт ана» («Четыре матери») выделяются, помимо родной матери, «четыре матери» — четыре опоры человеческой души: родная земля, родной язык, национальные обычаи, национальная литература и история, защита которых оберегает от «болезни беспамятства».

Болу керек құдіретті
ТӨРТ АНА:
ТУҒАН ЖЕРІ —
түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ —
мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ,
САЛТ-ДӘСТҮРІ — тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және ТУҒАН ТАРИХЫ...

В данном случае «четыре матери» у Шаханова — это не просто поэтическая метафора и констатация, но и его общественная позиция, жизненные ценности и участие в социальной жизни. Это единство слова и действия, где поэт берет на себя ответственность за транслируемые смыслы.

Например, в 2009 г. известный поэт возглавил общественное движение против передачи около 1 млн га сельскохозяйственных

земель на востоке РК в аренду Китаю. Это движение получило название «Тәуелсіздікті қорғау» («Защита независимости»). Протест был вызван опасениями по поводу потери территориальной целостности и возможной экспансии, что сделало Шаханова одной из ключевых фигур в отстаивании земельного вопроса в Казахстане.

Благодаря активному противодействию общественности, в том числе под руководством Шаханова, решение было приостановлено. Позже, в 2016 г., Мұхтар аға продолжал настаивать на том, что Казахстан должен полностью прекратить практику передачи земель в аренду иностранцам.

В конце 1980-х Мұхтар Шаханов сыграл ключевую роль в международном привлечении внимания к Аральской катастрофе. Будучи председателем эколо-



ПАМЯТИ МУХТАРА ШАХАНОВА, ВЕЛИКОГО ЗАЩИТНИКА НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ



гического комитета «Арал — Азия — Казахстан» (1987), он вывел проблему на мировой уровень, призывая спасти погибающий регион.

В 1988 г., выступая на международных площадках, включая США, Шаханов открыто рассказал о трагедии, заставив мир содрогнуться от масштабов экологического бедствия. Он не только привлекал внимание, но и инициировал масштабные экспедиции, например, вдоль Сырдарьи и Амударьи в 1988 г., для документирования последствий высыхания моря.

И благодаря его деятельности, которую поддерживали такие деятели, как академик Сахаров, проблема Арала перестала быть закрытой темой в СССР и стала предметом обсуждения ООН.

Мұхтар аға сыграл решающую роль в языковом вопросе 1989 г. Он активно выступал за придание казахскому языку статуса единственного государственного, аргументируя это необходимостью его защиты от поглощения русским языком. Его усилия способствовали принятию Закона «О языках в Казахской ССР» от 22 сентября 1989 г. В итоге

казахский язык был объявлен государственным, а русский язык использовался наравне с государственным в официальном делопроизводстве.

Статус государственного языка у нас имеет казахский, а русский язык, соответственно, не является официальным, однако многие не признавали этот факт. Чтобы разрешить этот юридический казус, группа депутатов парламента во главе с Шахановым в свое время обратилась по этому вопросу в Конституционный Совет РК. КС в Дополнительном постановлении от 23 февраля 2007 года постановил: «Равенство в применении в государственных организациях и органах местного самоуправления государственного казахского и официально употребляемого русского языков не означает наделение последнего статусом второго государственного языка. Верховенство статуса государственного языка означает возможностью установления законами исключительности либо приоритетности его применения в публично-правовой сфере».

Шаханов вошел в историю как «народный трибун» за открытое

выступление в 1989 г. на I съезде народных депутатов СССР против репрессий после Декабрьских событий. В 1989 г. в Кремле он открыто заявил о насильственном подавлении выступлений, прорвав заговор молчания вокруг событий, которые позже стали символом независимости Казахстана.

Мұхтар аға совершил мужественный поступок — у него хватило смелости заявить о зверствах декабрьских событий Москве и всему миру. Даю отрывок из старого моего интервью с Мұхтар аға.

«Впервые предложение пересмотреть, точнее, отменить известное постановление ЦК КПСС “о казахском национализме”, о создании комиссии на союзном уровне по расследованию преступлений в ходе декабрьских событий озвучил Мұхтар Шаханов на I съезде народных депутатов СССР в 1989 г. Эта проблема поднималась им и на I сессии Верховного Совета СССР в 1989 г. В советское время это небывалая инициатива по своей смелости.

И никого не смущает тот факт, что до Мұхтар-аға никакой депутат не осмелился поднять эту национальную проблему, тем более на союзном уровне. К тому же такие выступления пресекались, не говоря об ограничении доступа на трибуну. В частности, Колбин лично предупреждал Шаханова о нежелательности выступления на этом съезде по данному вопросу: “Мұхтар, знаю, что ты хочешь поднятия на съезде декабрьские события. Если послушаешься меня, оставь такую мысль. Возможно, были допущены какие-то ошибки со стороны должностных лиц. Все поставлю на свое место. Когда вернемся домой, об этом поговорим более подробно” (Мұхтар Шаханов. Желтоқсан эпопеясы, документальный роман, Алматы, 2006, стр. 393. Перевод — Д.Е.).

“На I съезде народных депутатов СССР в 1989 г. мне не давали слова. Пришлось написать заявление Горбачеву с просьбой предоставить мне трибуну для выступления, которое подписали 19 депутатов из Казахстана. Горбачев, ознакомившись с заявлением, спросил: «Если не секрет, о чем хотели сказать?». Мне пришло в голову ответить: «Михаил Сергеевич, есть ряд мыслей о проблемах Арала, о которых нельзя не сказать». Генсек дал согласие на 3 минуты моего выступления”.

“Всею, что было, не рассказывать, тебе говорю лишь о том, что на поверхности. Были и угрозы физической расправы, и множество попыток помешать работе комиссии... В итоге в присутствии глав силовых структур Казахстана и депутатов было зачитано заключение комиссии: «Обвинить ЦК КПСС во главе с Михаилом Горбачевым», а на дворе еще 1990 г. Однако его не пропустили. Тогда я пригрозил, что отправлю заключение комиссии в сенат США. В конце концов, его сократили до «Обвинить ЦК КПСС», и в таком виде заключение было опубликовано в республиканских газетах”.

Шаханов воскресил казахский дух, возродив древний праздник Наурыз и связанные с ним национальные обычаи и традиции.

Об этом Мұхтар-аға рассказал в СМИ: «Начиная с 1926 г. было запрещено праздновать Наурыз. Каждая семья отмечала праздник у себя дома, но на уровне государства его не существовало. По этому вопросу в 1988 г. я написал письмо Колбину. Он вынес мое письмо на бюро ЦК Компартии Казахстана. Тогда мою инициативу поддержали лишь два человека — тогдашний председатель Совета министров Нурсултан Назарбаев и секретарь ЦК по идеологии Узбекали Джанибеков, остальные 11 человек проголосовали против. “Ну вот, поэтому мы не можем отмечать этот праздник”, — сказал Колбин. А я твердо сказал: “Геннадий Васильевич, декабрьские события оставили раскол между двумя нациями. Казахи на вас смотрят с презрением. Если вы поможете возродить праздник Наурыз, то все казахи будут смотреть на вас все другими глазами”.

Тогда у Колбина загорелись глаза: “Что ж, попробую убедить Горбачева”. А перед этим я встретился с Назарбаевым, он сказал: “Нам будут нужны средства. Я решу этот вопрос, найду деньги”. После этого мы приступили к подготовке.

В канун праздника я зашел к Колбину, сказал: “Завтра вы должны прийти”, но он ответил, что не сможет, так как проводит бюро ЦК. Так, в парке имени Горького собралось более ста тысяч человек! И это в то время, когда запрещали собираться даже 10–15 людям. Люди поздравляли друг друга, все обнимались и целовались. Чуть позже кто-то сообщил, что приехал Колбин. Оказалось, и вправду он. Я ему: “Вы должны произнести речь”, а он: “Нет, я просто опасался, как все будет, оказывается, правильный поступил, дальше продолжайте” — и ушел.

Так, в том году праздник Наурыз отмечали до конца сентября. А в следующем году присоединились Узбекистан, Таджикистан, Туркменистан, Киргизия и др.»

Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.



Литературное имя Шаханова сложилось еще в советский период.

Корреспондент издания «Check-point.kz» в своей статье сообщает о смерти Мухтара Шаханова, о чем стало известно 19 апреля — писателю было 83 года. Его уход воспринимается как завершение эпохи, в которой литератор еще сохранял статус властителя дум и активного участника остроактуальной политической повестки.

Мухтар Шаханов — поэт, чье имя в Казахстане давно вышло за пределы литературы. Для нескольких поколений он был автором стихов и поэм, общественной фигурой, участником споров о языке, исторической памяти, достоинстве и праве на прямое высказывание. В его случае литературная биография срослась с гражданской настолько плотно, что эти линии уже трудно рассматривать по отдельности.


Родился он 2 июля 1942 года в селе Каскасу Южно-Казахстанской области. Первое его опубликованное стихотворение, «Сырдария», вышло в 1959 году. Первый сборник «Бакыт» появился в 1966-м, затем вышли «Баллада-лар» в 1968 году, «Ай туып келеді» в 1970-м, «Қырандар төбеге қонбайды» в 1974-м, «Ғашықтық» в 1979-м, «Махаббатты қорғау» в 1982-м, «Ғасырларды безбендеу» в 1988-м. Эта хронология важна потому, что литературное имя Шаханова сложилось еще в советский период, задолго до его поздней общественной и политической роли.

В 1960-е годы он работал в газете «Онтүстік Қазақстан», затем был корреспондентом «Лениншіл жас» по южным областям. В 1971—1976 годах Шаханов работал в системе государственного телевидения и радиовещания, в 1976—1979 годах — в Государственном комитете по издательству, полиграфии и книжной торговле, с 1984 по 1993 год возглавлял «Жалын», с 1986 года был секретарем Союза писателей Казахстана. К середине 1980-х это был уже автор нескольких поэтических сборников, сценических постановок и обладатель солидной репутации в литературе жизни республики.

Известность Шаханова держалась прежде всего на поэмах, где его интонация раскрывалась полнее всего. «Танакөз» закрепила за ним репутацию автора, способного соединить эмоциональную напряженность с ясным сюжетным движением. «Сейхундария» обращалась к исторической памяти через образ Сырдарьи и через работу с древним преданием. «Қуретамырды іздеу» строилась вокруг темы молодости и внутреннего поиска. «Сенім патшалығы» сводила в одном пространстве людей разных эпох и выводила разговор к философскому вопросу о вере, верности и нравственной опоре.

В более жестком духе были написаны «Нарынқұм трагедиясы» и «Отырар дастаны». В первом случае Шаханов обращался к фигуре Махамбета и к теме исторического сопротивления. Во втором — к падению Отраара, одной из самых нагруженных тем тюркской исторической памяти. Эти тексты многое объясняют в его дальнейшей судьбе общественно-политического деятеля, его склонность говорить о чести, предательстве, памяти, цене поражения и исторической ответственности.

Литературовед Әбділхамит Қуанұлы Нарымбетов, разбирая



МУХТАР ШАХАНОВ

КАК ФИГУРА НАЦИОНАЛЬНОЙ ПАМЯТИ

поэтический мир Шаханова, выделяя в нем гражданскую интонацию, публицистическую напряженность, философскую нагрузку, конфликтность и тяготение к жанрам, где мысль развивается через событие и нравственное испытание. Это точная характеристика его сильной стороны. В казахской поэзии Шаханов занял место автора, которому были нужны крупный сюжет, высокий эмоциональный накал и прямой разговор о ценностях, имеющих общественный вес.

Наряду с поэзией он работал и для театральной сцены — его поэтические пьесы «Махаббат таңы» 1970 года, «Сенім патшалығы» 1977 года и «Көкейкесті» 1987 года с успехом исполнялись на отечественных подмостках.

К концу 1980-х Шаханов стал фигурой общенационального масштаба. В 1989 году был избран народным депутатом СССР Шаханов открыто говорил о насильственном подавлении молодежь его роль в борьбе за историческую реабилитацию Желтоксана стала одной из центральных частей его общественного образа.

В последующие годы эта линия только расширилась: в 1992 году он возглавил республиканский комитет по проблемам Ара-



смотра официальной трактовки, сводившей протест в Алма-Ате к проявлению «казахского национализма». В 1989 году на Съезде народных депутатов СССР Шаханов открыто говорил о насильственном подавлении молодежь его роль в борьбе за историческую реабилитацию Желтоксана стала одной из центральных частей его общественного образа.

В последующие годы эта линия только расширилась: в 1992 году он возглавил республиканский комитет по проблемам Ара-

ла, Балхаша и экологии Казахстана, в 1993 году был назначен чрезвычайным и полномочным послом Казахстана в Кыргызстане, позднее избирался в казахстанский парламент, сохраняя репутацию человека, должность не отменяла прежней прямоты и конфликтности. Поэтому его политическая и общественная биография воспринималась не как отход от литературы, а как иной способ говорить о тех же вещах, которые раньше определялись его стихами и поэмами — о памяти, чести,

ответственности и цене исторического молчания.

В поздние десятилетия Шаханов сохранил ту же линию поведения, которая сделала его заметной фигурой еще в конце советского периода: он продолжал вмешиваться в споры о языке, национальной памяти и культурной политике, причем делал это в той форме, которая тогда обсуждалась, предупреждая о расколе между носителями кириллицы и новой графики и настаивая на том, что первоочередной задачей остается реальное знание казахского языка, а не техническая смена алфавита. Эта позиция вызвала новую волну споров, но хорошо совпала с его прежним образом человека, для которого языковой вопрос всегда был частью более широкого разговора о состоянии нации.

Именно в этой резкости заключалась одна из причин его особого места в медиапространстве страны. Шаханов не был удобной личностью: его высказывания раздражали, поляризовали, нередко вызвали ответную критику, но именно поэтому он не превращался в декоративный символ. Даже государство оминвал. Даже государство оминвал. Даже государство оминвал. В 2022 году, к его восьмидесятилетию, президент присвоил ему звание «Қазақстанның Еңбек Ері» за огромный вклад в развитие казахской литературы, а в 2024 году Кыргызстан наградил его орденом «Данакер» за вклад в укрепление дружбы между двумя странами.

К этому времени его статус уже не зависел от выхода новой книги или отдельного публичного выступления, поскольку Шаханов давно стал частью символического пантеона позднесоветского и постсоветского Казахстана. В этом качестве он соединял несколько ролей сразу: поэта гражданского темперамента, свидетеля и участника ключевых общественных конфликтов, защитника казахского языка, человека для которого тема исторической правды оставалась не литературным сюжетом, а практическим требованием к настоящему.

Касым-Жомарт Токаев направил телеграмму соболезнования родным и близким Мухтара Шаханова, в которой назвал поэта уникальной личностью.

«Мухтар Шаханов был уникальной личностью, посвятившей всю свою жизнь искусству слова. Он вывел национальную поэзию на новые высоты, расширил горизонты отечественной литературы и культуры. Как человек, искренне радеющий за судьбу родного языка, он стоял у истоков многих важнейших начинаний в этой сфере. Его произведения переведены на многие языки мира, а вдохновенная лирика пользуется искренней любовью широкой читательской аудитории. Светлый образ Мухтара Шаханова, прожившего достойную жизнь и оставившего богатое литературное наследие, навсегда останется в наших сердцах», — говорится в телеграмме.



Астанада «Ау Yola» тобы өнер көрсетті

Астанада Ресей Федерациясының Қазақ Астандағы мәдениет күндерінің ашылуына орай ауқымды гала-концерт өтті. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанатты шараға ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ресей Федерациясы Мәдениет министрінің орынбасары Андрей Малышев, сондай-ақ екі елдің дипломатиялық корпусы мен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Гала-концерт бағдарламасы мазмұнға бай болып, түрлі жанрларды қамтыды. Кеш барысында бүкілресейлік және халықаралық байқаулардың лауреаты Софья Онопченко, башқұрттың танымал «Ау Yola» фолк-тобы, «Саха (Якутия) Республикасының мәдениет саласының үздігі» атағының иегері Олена Утай және өзге де өнерпаздар хореографиялық, аспаптық және вокалды-аспаптық қойылымдарын ұсынды.

Сондай-ақ сахнада қалмақтың халық музыкасы мен буряттың халық әндері шырқалып, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Кештің көркін Мәскеу мемлекеттік академиялық «Гель» би театры, Дағыстанның «Лезгинка» академиялық би ансамблі және Қалмақияның мемлекеттік «Ойраты» би театры толықтырды.

Айта кетейік, Ресей Федерациясының Қазақстандағы мәдениет күндері аясында екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар мазмұнды іс-шара ұйымдастырылуда. Осы ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Мәдени дәстүрлерді біріктіру және заманауи шығармашылық тәжірибелер: Қазақстан мен Ресейдің мәдени ынтымақтастығы» атты дөңгелек үстел өтіп, жаңа бірлескен жобалар талқыланды.

«VOICE BEYOND HORIZON» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстандық өнерпаз Нұржас Садырбаев «Voice Beyond Horizon» жобасында бірінші орын алып, «Даңқ жұлдызы» атағына ие болды, деп хабарлайды Dimashnews.com сайты.

Аталған жоба Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайбергеннің бастамасымен жүзеге асырылды. Түркістанда бастау алып, Ақтау мен Алматы қалаларында жалғасын тауып, бас қала Астанада қорытындыланды.

Қытай, Қазақстан, Малайзия, Сербия, Италия және Қырғызстан елдерінен келген сегіз қатысушы сапарларын бірге бастап, Қазақстанның киелі жерлерінің даналығы мен көркемдігіне куә болды.

Димаш Құдайберген атқарушы продюсер ретінде қатысқан жаңа музыкалық «Voice Beyond Horizon» жобасының алғашқы эпизоды Қытайдың медиа кеңістігінде үлкен резонанс тудырды.

Жобаның ауқымды табысы Hunan TV телеарнасының кешенді есебімен де расталды. Премьера Қытайдың CVB желісіндегі аймақтық спутниктік телеарналар арасында, ұлттық CSM желісінде және CSM71 қалалық желісінде сенімді түрде көш бастады.

Сонымен қатар KuYun және Huanwang рейтингтерінде де аймақтық спутниктік арналар арасында бірінші орынға шықты.

Стримингтік платформалардағы тікелей эфирлердің жалпы қаралымы 102 миллионнан асты. Ал әлеуметтік желілерде жоба төңірегінде 143-тен астам ең көп



талқыланған тақырып қалыптасты. Айта кетейік, Димаш Құдайбергеннің шоуы Қытай телерейтингінде көш бастағанын жаздық.

Ал әнші Нұржас Садырбаев Димаштың алдында ән айту оңай емес екенін мойындады.

qazaquni.kz



«Ақ жол» ҚДП-ның 2025 жылғы қаржылық қызметі туралы Есебі

		01.01.2025 ж. қаражат қалдығы
		255 843 572
1.	Ақшалай қаражаттардың түсімдері, барлығы	1 391 341 588
1.1.	Оның ішінде мүшелік жарна, уақытша қайтарымды және басқа көмек	23 588 588
2.	2. Шығыстар, барлығы	1 627 272 251
	Оның ішінде:	
2.1.	Жалақы	431 479 761
2.2.	Салықтар және әлеуметтік аударым	172 329 219
2.3.	Офистерді жалға алу	69 284 786
2.4.	Байланыс, көлік қызметтері және пошта шығындары	41 501 904
2.5.	Шығыс материалдары (кеңсе тауарлары, полиграфия өнімдері, ЖЖМ, шаруашылық тауарлары, ұйымдастыру техникасын толымдайтын катриджді қайта толтыру)	5 315 098
2.6.	Іс-сапар шығындары	30 701 491
2.7.	БАҚ-мен жұмыс	222 800 000
2.8.	Іс-шаралар өткізу	113 488 951
2.9.	Негізгі құрал-жабдықтар алу (ұйымдастыру техникасы)	515 488 005
2.10.	Қайырымдылық көмек және демеушілік көмек (демеушілік қаражат есебінен)	1 100 000
2.11.	Өткен кезеңдер бойынша қарызды қайтару	5 000 000
2.12.	Өзге де шығыстар (партиялық есептің мәліметтер базасын бағдарламамен қамтасыз етуді әзірлеу, негізгі құрал-жабдықтарды жөндеу, ақыл-кеңес беру қызметтері, банк қызметтері және т.с.с)	18 783 036
3.	01.01.2026 жылға қаражаттың қалдығы	19 912 909

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Организация ТОО «АДИКТ», БИН «241140002328» (г. Алматы, УЛ. БЕГАЛИНА, Д. 7, КВ. 222) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу г. Алматы, УЛ. БЕГАЛИНА, Д. 7, КВ. 222
Телефон - 8 7021115079.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға | қала үшін | ауыл/аудан үшін
5750,88 тенге | 5974,32 тенге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарту бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет "Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 ұй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор
Гүлмира Садық

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ